

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 1050 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін

2. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Тұжырымдаманы іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына Тұжырымдаманы іске асырылуы туралы есеп ұсынып тұрсын, сондай-ақ бірінші басшының қолын қойғызып, оны (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) интернет-ресурста орналастырып тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 қарашадағы
№ 1050 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Еңбек нарығын дамыту пайымы

5-бөлім. Еңбек нарығын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

1-тaraу. Адами капиталды дамыту

1.1-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру сапасын арттыру жөніндегі шаралар

1.2-параграф. Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі шаралар

1.3-параграф. Өз жұмыскерлерінің құзыretі мен ішкі ұтқырлықты арттыру үшін кәсіпорындарды ынталандыру жөніндегі шаралар

2-тaraу. Сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

2.1-параграф. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сапалы жұмыс орындарын құру

2.2-параграф. Өндөру өнеркәсібінде сапалы жұмыс орындарын құру

2.3-параграф. Құрылыста және көлік саласында сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

2.4-параграф. Ауыл шаруашылығында, сауда және қызмет көрсетуде сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

2.5-параграф. Макроөнірлерді ескере отырып, сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

3-тaraу. Сұраныс пен ұсынысты ұштастыру үшін экономика мен адами капиталды дамыту жүйесінің тиімді байланысына жағдай жасау

3.1-параграф. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары жұмысының форматын өзгерту және еңбек нарығының цифрлық экожүйесін одан әрі жетілдіру

3.2-параграф. Платформалық жұмыспен қамтуды формальдандыру

3.3-параграф. Еңбек нарығының инклюзивтілігін жоғарылату

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Қосымша: Еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары.

1-бөлім. Паспорт

1. Атаяу	Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
	<p>1. "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 актандығы № 636 Жарлығы.</p> <p>2. "Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділдетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына</p>

2. Әзірлеу үшін негіздер	<p>"Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығы.</p> <p>3. Мемлекет басшысы Қ.К. Токаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>4. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы.</p>
3. Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрлігі
4. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	<p>Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;</p> <p>жергілікті атқарушы органдар.</p>
5. Іске асыру мерзімдері	2024 – 2029 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Еңбек нарығы халықтың жұмыспен қамтылуын, кірісін, біліктілігі мен әл-ауқаты деңгейін айқындастырыңықтан, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады, бұған қоса еңбек нарығы экономиканың ішкі және халықаралық сұранысының құбылмалы жағдайларына, сондай-ақ жаңа технологиялар мен инновацияларға бейімделу дәрежесін көрсетеді.

Мемлекеттік органдарға, жеке бизнеске, білім беру мен кадрларды қайта даярлау жүйесіне және жалпы бүкіл қоғам үшін оның негізгі параметрлері мен динамикасын түсінудің маңызы зор.

Қазақстандық еңбек нарығы саяси және түрлі әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерінен 30 жыл бойы үнемі дамып, жетіліп отырды.

Нәтижесінде еңбек нарығы моделінің жұмыспен қамтудың артуына қарай икемді жалақы төлеу, өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұлғаюы, адами капитал сапасының төмендеуі сияқты тарихи, географиялық, демографиялық және институционалдық факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Еңбек нарығының ағымдағы жай-күйі экономиканың күрделілік деңгейімен айқындалады, ол бойынша Қазақстан әлемде 81-ші орынды иеленген, ол өндірістегі және экспорттағы көмірсүтектер мен металдар түріндегі шикізаттың жоғары үлесіне, экономиканың төмен әртараптандырылуына негізделген. Технологиялық өнімдер ассортименті негізінен күрделілігі төмен салалар есебінен кеңеоде. Қазақстандағы жұмыс орындарының тек 37 %-ы ғана жұмыскерлерден жоғары деңгейдегі дағдыларды талап ететіндіктен, бұл жағдай күрделі жұмыс орындарының жетіспеушілігіне алып келеді.

Осылайша, күрделілігі төмен экономикада негізінен орташа біліктілік деңгейі талап етіледі, адами капиталдың дамуын ұдайы ынталандыруға негіз жоқ.

Бұған қоса, Қазақстанның еңбек нарығына демография, көші-қон және жұмыс күшін бөлудегі өнірлік тенсіздіктер, жұмыс орындарын цифрландыру және автоматтандыру, жасанды интеллект енгізу сияқты, оның ішінде құрылымдық жалпы өзгерістерге алып келетін ішкі және сыртқы факторлар үнемі әсер етуде.

2.1. Еңбек нарығындағы демографиялық өзгерістер

Қазақстанда еңбек нарығына жастардың жыл сайынғы кірісуі 2000 жылдардағы демографиялық өсіндің нәтижесінде 2030 жылға қарай 300 мыңдан астам адамды құрайды. Орта және кәсіптік орта білімі бар "бэби-бумның" бірінші толқыны еңбек нарығына келіп те жетті, 2026 жылдың жоғары білімі бар жастар да келе бастайды.

Урбанизация процесі – жалпы әлемдік тренд және ол Қазақстанның да айналып өтпеді. Бұгінде Қазақстан халқының 60 %-ға жуығы қалаларда тұрады. Бұл ретте Экономикалық ынтымақтастық және даму үйімі (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдеріндегі урбанизация үлесі 74 %-дан астам. 2050 жылға қарай Қазақстан мегаполистеріндегі халық 2,2 есеге ұлғаяды. Соңғы 10 жылдағы урбанизацияның орташа жылдық өсімі 5 %-ды құрады. Мегаполистердің инфрақұрылымдық дамуы сапалы жаңа жұмыс

орындарын құру процесімен үйлестірілмеген. Ауылдық жерлерден қалаларға келген еңбекші көшіп-қонушылардың сапалы жұмыс табуға мүмкіндігі жоқ. Бұл ретте тек географиялық қана емес, секторалдық – агросектордан қызмет көрсету мен сауда секторына көшіп-қон болып жатыр.

Қазақстанның еңбек нарығы да сыртқы бәсекелестікке ұшырайды, білікті мамандар эмиграциясы орнықты өсуде. Басқа елдерге кеткен адамдардың 60 %-ының жоғары және техникалық-кәсіптік білімі бар. Boston Consulting Group талдау нәтижелеріне сәйкес (2020 жыл) шетелге көшу мүмкіндігін ойластыратын Қазақстан халқының үлесі 64 %-ды құрайды.

Осылайша, еңбек нарығына түсетін жоғары демографиялық қысым әсіресе, жастар арасындағы жұмыссыздықтың артуына әкеледі. Урбанизация процесі жалғаса береді және ЭҮДҰ елдеріндегі деңгейге жақындей түседі. Білікті кадрлардың шетелге кетуі бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне және кәсіби кадрлардың тапшылығына әсер етеді.

Базалық сценарийге сәйкес Қазақстандағы жұмыс күшінің өсімі 2030 жылға қарай 9,6 млн-нан астам экономикалық белсенді халық санын құрайды (2022 жылға қарай өсім 3,9 %-ды құрады).

Бұл ретте барлық жұмыс күшінің үштен бірінен астамы Оңтүстік макроөнірде (Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы) шоғырланатын болады. 2022 жылғы өсу 7,2 %-ды құрады. Салыстыратын болсақ, Солтүстік және Орталық-Шығыс макроөнірлер 2030 жылға қарай болжам бойынша тиісінше 10 % және 12,1 % жұмыс күшін жоғалтады. Бұл өнірлердің жалпы жұмыс күшіндегі жиынтық үлесі де 34-тен 27,5 %-ға дейін төмендейді.

Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарын қамтитын Батыс макроөнірінде жағдай онша өзгере қоймайды. 2030 жылға қарай жұмыс күшінің 2 %-ға шамалы өсімі күтілуде. Бұл ретте жұмыс күшінің жалпы санындағы үлесі оңтүстік макроөнірдің неғұрлым белсенді өсуі есебінен 15,8 %-дан 15,5 %-ға дейін азаяды.

Осылайша, Қазақстанның еңбек нарығында жұмыс күшін бөлудегі өнірлік теңсіздік жұмыс күші артық оңтүстік өнірлерде халықтың басым болуына және еліміздің жұмыс күші тапшы солтүстік, шығыс және орталық өнірлерінде азаюына қарай күшеттің болады.

Демографиялық өсу мен жалпы өнірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) арасындағы айырмашылықтарға байланысты өнірлер арасындағы теңсіздік сақталады. Халық тығыздығы жоғары оңтүстік өнірлерде ЖӨӨ деңгейі мен еңбек өнімділігі төмен күйінде қала береді. Мысалы, 7,6 млн-нан астам халқы бар Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласының жиынтық ЖӨӨ 17,4 трлн теңгеге тең, яғни Қазақстан халқының 30 %-ына жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) тек 20 %-ы ғана келеді.

2.2. Сапасы төмен жұмыс күші

Бұгінгі күні еңбек нарығы қазіргі, сондай-ақ болашақ жұмыс күші сапасының қанағаттанарлықсыз деңгейде болуымен сипатталады.

Бизнес тарапынан сұраныс пен жұмыс күшінің ұсынысы арасында сәйкесіздік байқалады, соның салдарынан техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі – ТжКБ) алған түлектердің 25 %-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді. ТжКБ түлектердің білім сапасы жұмысқа орналаспағандар статистикасымен және мамандығы бойынша жұмысқа орналаспағандар санымен айқындалады (тиісінше 40 % және 25 %). 2021 жылы PIAAC (Ересек халықтың құзыреттерін халықаралық зерттеу) әдістемесі бойынша жұмыс күші дағдыларына жүргізілген талдау жас және аға буын арасындағы дағдылардың үш есе айырмашылығын көрсетті.

Алдағы 3-10 жылда еңбек нарығына келуі күтілетін болашақ жұмыс күші қанағаттанарлықсыз жағдайда. Мәселен, оқушылардың білім сапасы бойынша (оқу, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша үлгерімді бағалауга арналған PISA рейтингі) 79 елдің ішінде Қазақстан 69-орында.

Елімізде орта санаттағы мамандарға сұраныс көп. Орта білікті мамандарға сұраныс 976 мың адамды (53 %), ал ТжКБ түлектерінің саны (2018 – 2022 жж.) 580 мың адамды құрайды. Кадр даярлаудың қазіргі жүйесі білікті оқытушылардың аздығымен, ескірген оқу бағдарламаларымен және нақты бизнеспен байланыстың нашар болуымен сипатталады.

Сонымен қатар мемлекет меншігіндегі кәсіпорындарда негізінен біліктілігі жоғары кадрлар жұмыс істейді, ал жеке сектор біліктілігі орташа кадрларды таңдайды. Жекеменшік секторға қарағанда жалақысы тәмен болуына қарамастан, ортадан жоғары білімі бар адамдардың көп бөлігі үшін мемлекеттік сектор тартымды болып отыр. Жеке кәсіпорындардағы кадрлардың жартысынан көбі қарапайым жұмыс орындарында жұмыс істейді және қызмет көрсету мен сату, әкімшілік қызмет көрсету саласының, оғиштік жұмыстың, ауыл шаруашылығы саласының жұмыскерлері, өндірістік жабдықтар операторлары немесе өнеркәсіп, құрылыш, көлік жұмысшылары, біліктілігі жоқ жұмыскерлер болып табылады.

Дүниежүзілік Банктің талдауы бойынша техникалық дағдылардың ескіру мерзімі жылдам қысқаруда, небәрі 5 жылды құрайды. Жаһандық жұмыс күшінің 58 %-ына өз жұмысын сәтті орындау үшін жаңа дағдылар қажет. Бастауыш мектеп балаларының 65 %-ы мектеп бітірген соң жаңа еңбек функционалы, дағдысы мен талаптары мүлдем жаңа жұмыс түрлерімен айналысады болады.

Ағымдағы жұмыс күшінің негізгі проблемасы – жұмыскерлерді біліктілікті арттыру бағдарламаларымен қамту үлесінің тәмен болуы. Бес жыл ішінде (2018 – 2022 жж.) жұмыскерлерді біліктілікті арттыру бағдарламаларымен қамту үлесі тәмендеген. Бұл ретте жұмыс беруші есебінен біліктілігін арттыратын жалдамалы жұмыскерлердің пайыздық үлесі 8-ден 6 %-ға дейін, сол сияқты абсолютті мәнде 2018 жылғы 586 мыңдан 2022 жылы 539 мыңға дейін тәмендеуде.

Бұл ретте ЭҮІДҰ елдеріндегі ұқсас көрсеткіш 48 %-ды құрайды, бұл Қазақстандағы көрсеткіштен 8 есе жоғары.

Осылайша, орта мерзімді перспективада бизнестің сапалы адами капиталға деген негізгі сұранысы орта санаттағы мамандарға тиесілі болады. Кадрларды қайта даярлаумен қамтудың төмен болуы еңбек ресурстарының сапасын, оның ішінде білімнің тез ескіруі аясында айтартықтай төмендетеді.

2.3. Жұмыс орындарының саны мен сапасының жеткіліксіздігі

Жаңа жұмыс орындарын құру қарқынының төмендігі Қазақстандық еңбек нарығындағы басты сын-қатерлердің бірі.

2000-шы жылдардың басында шикізат тауарлары нарығындағы сұраныс өсken кезеңде Қазақстан өнім экспортының көлемін біrtіндеп ұлғайта бастады, бұл экономиканың өсуін қамтамасыз етті. Еліміз халықаралық шикізат, көлік және қаржы ағындарына кіріге бастады, бұл республикадағы барлық саланың дамуына түрткі болды. Нәтижесінде 2002 – 2006 жылдары экономиканың нақты өсуі 60 %-ды құрады, бұл да еңбек нарығында оң көрініс тапты. Жұмыс орындарының саны 19 %-ға өсті.

Алайда одан кейінгі кезеңдерде экономика қарыштап өсе қойған жоқ, оның ішінде әртүрлі дағдарыстардың әсері болды. ЖІӨ өсімі баяулауда, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға кері әсерін тигізуде.

Көрсетілген кезеңде жалдамалы жұмыскерлер саны 6 612 мыңнан 6 847 мың адамға дейін 3,3 %-ға ұлғайды.

Бұл ретте өнімділігі жоғары жаңа жұмыс орындарын құрудары жеке сектордың үлесі тұрақты түрде төмен болып, небәрі 18 %-ды құрады. Нәтижесінде жеке секторда жаңа жұмыс орындары жеткілікті көлемде құрылатынын атап өту қажет. Салыстыру үшін Канадада жаңа жұмыс орындарының 90 %-ы жеке секторда құрылған (2019 ж.), ал Америка Құрама Штаттарында (бұдан әрі – АҚШ) бұл цифр 84 %-ды құрады (2020 ж.).

Қазақстан ЖІӨ-нің шамамен 40 %-н квазимемлекеттік сектор құрайды, бұл ретте мемлекеттің қатысуымен 25 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеуде. Мемлекеттің экономикаға қатысуы Қытай Халықаралық Республикасына (бұдан әрі – ҚХР) және де кез келген ЭҮІДҰ еліне қарағанда жоғары.

Бүгінгі күні жұмыс орындарының өсімін өнімділігі төмен салалар мен мемлекеттік сектор қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Жұмыспен қамтылғандардың 46 %-ы еңбек өнімділігі төмен салаларда жұмыс істейді, бұл олардың табысына әсер етуде.

"Экономиканың күрделілігі" деңгейін бағалайтын Гарвард университеті мен Массачусетс технологиялық институтының ғалымдары әзірлеген Экономикалық күрделілік индексі (Economic Complexity Index – ECI) бар, ол салалық құрылымда көрінетін елдегі жинақталған білімді өлшейді. Осы бағалау үшін халықаралық сауда статистикасы қолданылады. Өндірісінде еліміздің бәсекелік артықшылығы орнықты, яғни мөлшер ұқсас орташа экономикадан гөрі көп экспортталағын өнімдер ескеріледі. Экономиканың күрделілік индексі елдегі өндірілетін өнім жиынтығының қаншалықты

күрделі және әртараптандырылғанын көрсетеді. Қарапайым технологияларға мамандану әл-ауқаттың орнықты жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

2020 жылы Қазақстан бір жыл ішінде 133 елдің ішінде 79-орыннан 81-орынға төмендеп (2001 жылы 67-орында болған) рейтингтегі өз позициясын нашарлатып алды. Дегенмен елдің экспорттық себетінде әлі де қосылған құны төмен өнімдер басым. Қазақстан Гватемала, Ямайка, Марокко, Оман сияқты елдермен қатар тұр. Рейтингтің жетекші орындарын Жапония, Швейцария, Германия сияқты елдерге тиесілі.

Индексті әзірлеушілер Қазақстан экономикасының таяудағы онжылдықта қалыпты өсуін болжап отыр. Зерттеушілердің болжамына сәйкес 2030 жылға дейін технологиялық серпіліссіз Қазақстанда жыл сайынғы өсім орта есеппен 3,2 %-ды құрайды.

2.4. Қазақстан еңбек нарығының өнірлік аспекті

Урбанизация және өнеркәсіптің дамуы жұмыс орындарының өсуіне оң әсер етті. Он жылдық кезеңдегі экономиканың өсуі сияқты жұмыспен қамтудың неғұрлым жоғары өсімі еңбек өнімділігі жоғары ірі мегаполистерде, атап айтқанда, жұмыс орындарының 60 % өсімі ЖІӨ-нің 70 % өсімі тиесілі Астана және Алматы қалаларында болды. Өнеркәсіптік батыс өнірлерде де экономиканың өсу ауқымы халықтың жұмыспен қамтылу өсіміне, жоғары еңбек өнімділігінің тұрақты деңгейіне сәйкес келеді. Бұл ретте оңтүстік өнірлерде жұмыспен қамту үлесі өнірдің экономиканың өсуіне қосқан үлесінен жоғары.

Жалпы, егер өнеркәсіптік өнірлердегі еңбек өнімділігі жоғары жұмыс орындары санының ұлғаюын экономиканың табиғи ресурстарды/шикізатты өндіруге және сатуға басым бағдарлануына байланыстыруға болса, қалаларда оған қызмет көрсету салаларының, оның ішінде кәсіптік және ғылыми қызмет, қаржы және сақтандыру, IT және тағы басқалары сияқты қосылған құны жоғары салалардың басым болуы, олардың дамуына қолайлы жағдайлардың болуына байланысты мегаполистер экономикаларының әртараптандырылуы әсер етті.

Сонымен бірге жұмыспен қамтылғандардың кетуі 313,4 мың адамды құрайды және барлық солтүстік өнірлерді қоса алғанда, 7 өнірге тиесілі, ең жоғары көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан облысында (барлық кеткендердің 19 %) және Шығыс Қазақстан облысында (16 %). Мұндай айтарлықтай төмендеу демографиялық жағдайдың нашарлауы және солтүстік өнірлердегі әлсіз экономикалық өсу жағдайында халықтың сыртқы және ішкі көші-қонына байланысты екені анық.

Оңтүстік өнірлерде (Алматы қаласын есептемегендеге) халықтың 38 %-ы тұрады, ал олардың ЖӘӨ-дегі үлесі тек 17 %-ды құрайды. Солтүстік өнірлерде халықтың 22 %-ына ЖӘӨ-нің 25 %-ы тиесілі. Солтүстік өнірлердің экономикасы әртараптандырылған. Оңтүстікте 65 %-ы сауда және басқа да көрсетілетін қызметтерге тиесілі.

Тау-кен өнеркәсібі ең өнімді салалардың бірі болып табылады, солай бола тұра, жекелеген өнірлерде жұмыспен қамту қолдан жасалып, сыртқы баға конъюнктурасына

ұшырағандай болып көрінуі мүмкін. Бұл жағдай өнірлер бөлінісіндегі салалардың технологиялық дамуындағы теңгерімсіздіктерді де көрсетеді.

Неғұрлым тәмен өнімділік – ауыл шаруашылығында, онда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық үлесінің жоғары екені байқалуда. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың неғұрлым өнімді салаларға кетуінің жалғасуы өсуге оң ықпалын тигізеді, мұнда нарық өзін-өзі реттейді және урбанизациямен тең болады. Қызмет көрсету секторының өнімділігі негізінен тәмен болып келеді, онда жұмысшылардың айтарлықтай үлесі бар, ол ішкі сұраныс пен нақты секторға айтарлықтай тәуелді.

Сонымен қатар Алматы және Шымкент қалаларын қоспағанда, онтүстік өнірлердегі өзін-өзі жұмыспен қамту халықтың білімі неғұрлым тәмен топтары арасында кең таралған. Бүкіл ел бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған, басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратын халықтың 30 %-ы үшін мектеп білім берудің соңғы сатысы болып табылады, бұл олардың өнімділігінің тәмен болуын түсіндіреді және еңбек нарығындағы сұраныстың құрылымдық кемшіліктерін көрсетеді.

Қызылорда облысында олардың үлесі 48 %-ға дейін, Алматы және Түркістан облыстарында 46 %-ға жетеді. Урбанизацияның тәмен қарқыны, қартаю, өзгеру мен қоныс аударуды қаламау халықтың жеке тасу және стихиялық сауда сияқты кәсіптік даярлық деңгейі талап етілмейтін өнімсіз жұмысына ықпал етеді. Ал жаңа технологиялар мен автоматтандырудың дамуымен білім деңгейлері арасындағы алшақтық жыл сайын айтарлықтай артып келеді.

Жұмысшылардың айтарлықтай үлесі бар қызмет көрсету секторының өнімділігі негізінен тәмен болып келеді, онда ол ішкі сұраныс пен нақты секторға айтарлықтай тәуелді.

2.5. Еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер

Цифрлық экономика еңбек нарығын өзгертеді және дәстүрлі жалдамалы жұмыспен қамту "еркін табыс табу экономикасына" айнала бастады. Бұгінгі күні еңбек нарығында жұмыспен қамту режимі икемді, оның ішінде платформалық жұмыс ол тек сәнді тренд қана емес, қарыштап дамып келе жатқан бағыт болып табылады.

Платформалық жұмыспен қамтудың басты артықшылықтары – оған кіру кезінде кедергілердің аз болуы, негізгі жұмыспен қоса атқару мүмкіндігі, жұмыс уақытының икемділігі, мансап пен жеке өмірдің тепе-теңдікте болуы. Осылайша, платформалық жұмыспен қамту жұмыспен қамтудағы қосымша мүмкіндіктер туғызады.

Сонымен қатар платформалық жұмыспен қамтудың тұрақсыз жұмыспен табыс, жұмысынан айырылу, уақытша еңбекке жарамсыздық, ақылы еңбек демалысы бойынша әлеуметтік төлемге құқығының болмауы сияқты тәуекелдерді бар, сондай-ақ кәсіподактарға бірігу мүмкіндігінде шектеулер бар.

2022 жылдың қорытындысы бойынша цифrlандыру нәтижесінде Қазақстанда 1 млн-ға жуық адам платформалық жұмыспен қамтылған. Платформалық жұмыспен

қамту қысқа мерзімді немесе жобалық тапсырмаларды орындау үшін адамдар онлайн платформалар арқылы жалданатын жұмысты ұйымдастыру түріне жатады.

2020 жылы Еуропалық комиссия платформалық жұмыспен қамтудың мынадай 10 түрін айқындады:

онлайн сату – тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді электрондық маркет-платформалар арқылы сату;

көліктік көрсетілетін қызметтер – платформалар арқылы көліктік қызметтерді ұсыну;

орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер – тұрғын үйді жалға беру;

штаттан тыс жұмыс – штаттан тыс көрсетілетін қызметтерді (мәтін жазу, дизайн және бағдарламалу) ұсыну;

жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер – жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

үйде көрсетілетін қызметтер – үйде көрсетілетін қызметтерді (үй жинау және бақшаны күту сияқты) ұсыну;

күту жөніндегі көрсетілетін қызметтер – күту жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (балалар мен қарттарға күтім жасау) ұсыну;

краудсорсинг – краудсорсингтік жобаларға қатысу;

онлайн-репетитор – репетиторлық көрсетілетін қызметтерді онлайн форматта ұсыну

;

еркін табыс табу экономикасы – TaskRabbit және Gigwalk сияқты платформаларда қысқа мерзімді немесе бір реттік тапсырмаларды орындау.

Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатының құрылымында өзгерістер байқалады. Бұгінгі күні осы санаттағы жоғары білімі бар адамдар үлесінің 10 %-дық өсімі тіркелген. Сараптамалық сауланама, оған қатысқандардың 22 %-ы үшін фриланс негізгі табыс көзі болып табылады, ал 78 %-ы үшін "еркін табыс табу" негізінен білім беру мен сауда саласындағы қосымша табыс түрі болып табылатынын көрсетті.

Еңбек нарығына жаңа демографиялық ағынның пайда болуымен жағдай қындағанда түспек. 2030 жылға қарай Қазақстандағы жұмыс күшінің 74 %-ын аға буыннан мұлде өзгеше, "миллениалдар" мен "Z" буыны құрайтын болады, олар мінез-құлық пен құндылықтардың жаңа моделін таңдайды, яғни жұмыспен қамтудың икемді түрлерін бағалайды. Бұл ұрпақтың кәсіптік және жеке өмір арасындағы тепе-тендік туралы өзіндік түсінігі бар, жұмыс графигінің икемділігі үшін қаржылық женілдіктер жасай алады. Жаңа буын кәсіби мансапқа және бір іске өмірін арнамайды. Олар білім алуға көбірек уақыт бөліп, ақша жұмсауға дайын.

Демографиялық өсім және еңбек нарығына жастардың келуі еңбек нарығын жаңа болмысқа бейімделуге мәжбүрледі, онда жас ұрпақ еңбек нарығын өзінің басымдықтары мен жағдайларына қарай өзгертеуді.

Платформалық жұмыспен қамту спектрі қызмет көрсету, туризм, IT, сауда, құрылым, жылжымайтын мүлік және т.б. секторларға еніп жыл сайын кеңеңде түседі. Келесі онжылдықта платформалық жұмыспен қамту өзінің шарықтау шегіне жетеді. Төмен жалақы, еңбекке қатысушылар табысының әркелкі болуы және болжанбауы сияқты тәуекелдер соншалықты маңызды болмайды.

Цифрландыру мемлекетке электрондық арналар мен платформалық жұмыспен қамтудың жаңа сын-қатерлеріне ықпал етудің негізгі құралдарын ұсынады. Платформалық жұмыспен қамтылған әрбір жұмыскердің "цифрлық ізін" көре отырып, мемлекет бизнеспен бірге, медициналық сақтандыру, ақылы демалыс және зейнетақы аударымдары сияқты дәстүрлі женілдіктерге балама женілдіктер әзірлей алады. Платформалық жұмыспен қамтылған жұмыскерлер жаңа кәсіподақ түрлерін қалыптастырады, олар иерархияның төмен болуымен, өзін-өзі үйымдастырудың, жұмылдыру мен автономияның жоғары деңгейде болуымен ерекшеленеді.

Бұгінде Қазақстанның еңбек нарығы оларды шешу үшін кешенді және жүйелі көзқарас талап ететін бірқатар проблемалар мен сын-қатерлерге ұшырауда. Осы мәселелер мен сын-қатерлер ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

еңбек өнімділігінің төмендігі және табиғи ресурстарды өндіру мен экспортқа тәуелді экономиканы әртараптандырудың жеткіліксіздігі;

жұмыскерлердің біліктілігі мен дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ кәсіптік білім беру мен оқыту жүйесінің жеткілікті дамымауы;

формальды емес жұмыспен қамту үлесінің, әсіресе ауылдық жерлерде жоғары болуы, сондай-ақ жұмысшылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау деңгейінің төмен болуы;

әйелдер, жастар, мүгедектігі бар адамдар, этникалық аз топтар және т.б. сияқты халықтың түрлі топтары арасындағы жұмыс орындарына қолжетімділік пен табыстың теңсіздігі.

Осылайша, алдағы онжылдықта Қазақстанның алдында екі міндет түр.

Бірінші міндет – жоғары өмір сұру деңгейіне қол жеткізу, табысты әділ бөлу және азаматтар арасында теңсіздікті айтарлықтай азайту. Теңсіздікті азайтудың ең тиімді шарасы сапалы білім беру болып табылады, ол өз кезегінде жоғары еңбек өнімділігінің негізіне айналады.

Екінші міндет – "қарапайым заттар экономикасынан" "күрделі экономикаға" – күрделі және технологиялық дамыған тауарлар көрсетілетін, қызметтер мен өндірістерді құру үшін өнімді білім алуға және пайдалануға негізделген экономикаға көшуді аяқтау.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Әлемдік тәжірибеге шолу барысында Вьетнам, Канада, Малайзия, Польша, Сауд Арабиясы, АҚШ және Оңтүстік Корея сияқты бірқатар елдердің тәсілдері зерттелді.

Аталған елдер индустримальдыру мен экспортқа бағдарланған өндірісті басты назарға алған. Табысты болудың негізгі факторы индустримальдыру, өнімділігі жоғары агроөнеркәсіптік сектор мен бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) арасындағы дұрыс теңгерімді айқындау болып табылады.

3.1. Еңбек нарығын дамыту үшін бизнесті ынталандыру бойынша Оңтүстік Корея тәжірибесі

1960 – 1970 жылдары Оңтүстік Корея экономикасының қалыптасу кезеңінде ел Үкіметі халықтың аграрлық өнірлерден қалаларға, тиісінше аграрлық сектордан өнеркәсіптік секторға ірі көші-қонына төтеп берді. Бұған елді индустримальдыру, ірі және орта өнеркәсіптік кәсіпорындар құру ықпал еткен. Өндіріс негізінен экспортқа бағытталды.

1980-ші жылдардан бастап өнеркәсіп зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелерге назар аудара бастаған, 2000-шы жылдардың басында ол өз жемісін берді.

Одан кейін инновациялық және креативті салаларға баса назар аударылған. Табыс салықтық және қаржылық преференцияларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға және білім беруге ірі көлемдегі инвестицияларға негізделді.

Малайзия тәжірибесі

Басқа "Азия жолбарыстары" сияқты Малайзия да экспорттық салаларды дамытуға мән берді. Бұл ретте өндірісті біртіндеп күрделендіру және өнім сапасына қойылатын талаптарды арттыру міндеті қойылды.

Өзінің ірі өнеркәсіптік конгломераттары болмаса да, Малайзия меншікті капиталы мен өндіріс технологиясы бар трансұлттық компанияларды тарту жолына тұсті.

Тиімді географиялық орналасуының арқасында ел Үкіметі индустримальық парктер, арнайы экономикалық аумақтар, ғылыми-технологиялық парктер, аймақтық экономикалық дәліздер сияқты өнеркәсіптік агломерацияларды дамытууды мақсат етіп қойды. Шағын және орта бизнесті кешенді қолдауға мемлекеттік деңгейде көніл бөлінді.

Польша тәжірибесі

Еуроаймақта кірер алдында және одан кейін Польша Үкіметі халыққа еңбек саласында айтарлықтай әлеуметтік қолдау көрсете отырып, табыс салығын біртіндеп қысқарту саясатын жүргізді. Отандық өнеркәсіп салаларын дамытуға, агробизнесті қолдауға және ауыл шаруашылығын қайта өндеуге үлкен көніл бөлінді.

Еуроодақ құрамына кіргеннен кейін Польша инфрақұрылымды дамыту, өнеркәсіпті қолдау және ауыл шаруашылығын субсидиялау үшін еуроқор қаражатын тиімді пайдаланды. Дәстүр бойынша ШОБ-қа толық қолдау спектрі көрсетілді.

Вьетнам тәжірибесі

1980-ші жылдардың аяғынан бастап КХР-дан кейін Вьетнам орталықтандырылған нарықтан экономикалық нарыққа біртіндеп көше бастады, оны кейінірек "Doi Moi" саясаты деп атады.

Бірінші кезеңде ауыл шаруашылығы ұжымдары таратылып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын бақылау жойылды. Содан кейін Үкімет ішкі нарықты ырықтандырып, жеке бизнесі ынталандыру шараларын қабылдады.

Ел меншікті капиталы, өндіріс технологиялары және шетелдік инвестициялар бар үлтаралық корпорацияларға жол ашты. Бәсекеге қабілетті еңбек нарығына, жалақының төмен болуына, өнімділіктің біртіндеп артуына, тұрақты макроэкономикалық саясат пен тиімді географиялық орналасуының арқасында 2010-шы жылдан бастап Вьетнам сапалы жұмыс орындарын, жоғары технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістер құра бастады.

3.2. Адами капиталды дамыту бойынша

Оңтүстік Корея тәжірибесі

Оңтүстік Корея соңғы бірнеше онжылдықта адами капиталды дамытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Елдің білім беру жүйесі жоғары бағаланады, ал оның жұмыс күші өзінің күшті жұмыс этикасымен, тәртібімен және техникалық дағдыларымен танымал.

Оңтүстік Кореядағы адами капиталды дамытудың бірден-бір негізгі факторы Үкіметтің білімге назар аударуы болды. Елде академиялық жетістіктерге баса назар аударылған жоғары орталықтандырылған білім беру жүйесі бар. Оқушылар 12 жыл бойы мектепке баруға міндетті және оқу бағдарламасы оларды университетке түсү емтихандарына дайындауға арналған.

Оңтүстік Кореяда мықты кәсіптік білім беру жүйесі де бар, ол оқушыларға елдің өндірістік және технологиялық салаларындағы зор сұраныстағы техникалық дағдыларға үйретеді. Үкімет тарапынан кәсіптік білімге қомакты қаржы бөлініп, көптеген студенттер университетке түсудің орнына осы жолды таңдайды.

Малайзия тәжірибесі

Малайзия да адами капиталды дамытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгенімен, ел бірқатар ерекше проблемалармен бетпе-бет келуде.

Үкіметтің білімге назар аударуы Малайзиядағы адами капиталды дамытудың бірден-бір негізгі факторлары болды. Алайда білім беру сапасына, әсіресе ауылдық жерлердегі сапасы бойынша аландаушылық бар. Үкімет бұл мәселені шешу үшін ауылдық жерлердегі мектептерге қосымша ресурстар бөлу және кәсіптік білімге қолжетімділікті арттыру сияқты әртүрлі бастамаларды жүзеге асырды.

Жалпы Малайзияның білімге және денсаулық сақтауға назар аударуы экономикалық өсуге мүмкіндіктері жақсы білікті жұмыс күшін құруға көмектесті. Алайда әсіресе білім сапасын арттыру, теңдік пен инклюзивтілікті ынталандыру тұрғысынан шешілуі қажет мәселелер бар.

Польша тәжірибесі

Ел 1990-шы жылдары нарықтық экономикаға көшкеннен кейін айтарлықтай прогрессе қол жеткізді. Елде ғылым мен технологияға баса назар аударылып, білім беру жүйесі жақсы дамыды. Польшада адами капиталды дамытудың маңызды аспектісі – бұл елдегі табыс теңсіздігінің салыстырмалы түрде төмен деңгейде болуы. Табысы аз отбасылардан шыққан адамдардың жоғары білім алу мүмкіндігі көбірек. Дегенмен эмиграция саласында әлі де проблемалар бар. Көптеген біліктілігі жоғары мамандар жақсы жұмыс ізден Польшадан шетелге кеткен, бұл да елдің экономикалық өсу әлеуетін шектеуі мүмкін.

Сауд Арабиясының тәжірибесі

Соңғы жылдары Сауд Арабиясының білім беру жүйесі, әсіресе жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика саласында айтарлықтай жақсарды. Ел экономикалық әртараптандыруды қолдау үшін білікті жұмыс күшін дамытуға баса назар аудара отырып, білім беруге қомақты қаржы бөлді.

Үкімет білімге, әсіресе әйелдердің қолжетімділігін арттыру бойынша түрлі бастамаларды іске асырған. Сауд Арабиясы мамандандырылған бірнеше университет пен ғылыми-зерттеу институтын құрды, соның ішінде король Абдулла атындағы Ғылым және технологиялар университеті (KAUST) және король Абдулазиз атындағы Ғылым және технологиялар қаласы (KACST). Бұл мекемелер елдегі мықты зерттеу мәдениетін дамытуға көмектесті әрі жаңартылатын энергия, нанотехнология және биотехнология сияқты салаларға айтарлықтай үлес қосты.

3.3 Институционалдық шаралар

Талдау кезінде институционалды қолдаудың ерекше тетіктерін қолданатындықтан, Канада, АҚШ және Оңтүстік Корея елдерінің тәжірибесіне баса назар аударылды.

Оңтүстік Корея орта мерзімді экономикалық жоспарлау шеңберінде еңбек нарығы басқармасының тікелей құралдарын пайдаланады.

Канада статистика мен форсайтқа көп көңіл бөле отырып, бизнес пен қоғамды жаңа сыйн-қатерлерге дайындау арқылы орта мерзімді перспективалар мен трендтерді түсінуге және талдауға баса назар аударады.

АҚШ қолда бар фискалдық және монетарлық құралдарға сүйенеді, ірі және орта бизнеске көбірек бастама ұсына отырып, оның нарықтың "көрінбейтін қолын" пайдалану мүмкіндігі бар.

Канада тәжірибесі

Канада Үкіметінің жұмысындағы ерекшеліктің бірі – жедел және толық еңбек нарығы статистикасының болуы. Өңірлік және жергілікті деңгейлерде жұмысқа орналасу перспективаларын бағалау үшін кәсіптік бағдар беру жүйесіне көп көңіл бөлінеді.

25-65 жастағы жұмыс істейтін адамдар үшін қайта даярлауды қолдау бағдарламалары бар.

Барлық деңгейлерде жұмыс орындарының инклюзивтілігін ынталандыру бағдарламалары, әлеуметтік гранттар мен әлеуметтік инновациялар бағдарламалары жұмыс істейді. Сапалы форсайттар, трендтер мен болжамдар дайындау бизнестің еңбек нарығын жоспарлаған кезде жақсы бағдарлануына көмектеседі.

Оңтүстік Корея тәжірибесі

Оңтүстік Корея тәсілінің ерекшелігі орта және ұзақ мерзімді жұмыспен қамтуды орталық және өнірлік деңгейлерде жоспарлау болып табылады. Жұмыс істейтін әйелдер мен қарт адамдар санын арттыруға бағытталған жұмыспен қамтуды тұрақтандыру бағдарламалары қабылдануда.

Жекелеген бағдарламалар шетелдік жұмыс күшінің легін реттейді. Елдің саяси өміріндегі корей кәсіподақтарының ерекше мәртебесін ескере отырып, жұмысшылардың құқықтары жан-жақты қорғалатын ұзақ мерзімді жалдау жүйесі тиімді жұмыс жасауда. Ірі қалаларда мемлекеттік және жеке (салалық) еңбек биржалары жұмыс істейді.

АҚШ тәжірибесі

Жұмыс орындары құрылатын болса, федералдық деңгейдегі кезінде салықтық кредит бағдарламасы қабылданады, ол қосымша қолдауды қажет ететін экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандырады. Техникалық, инженерлік және IT білімі бар талантты көшіп-қонушыларды тарту бағдарламалары қабылдануда.

Өнірлік деңгейде әрбір мемлекет салықтық және басқа да преференциялар есебінен жаңа өндірістік кәсіпорындарды тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Ірі және орта өндірістік кәсіпорындарды қолдау үшін "АҚШ-та жасалған" бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Жалпы халықаралық тәжірибе бізге басқа елдердің қандай институционалдық шараларды сәтті жүзеге асырғанын көруімізге мүмкіндік береді.

Сұранысты ынталандыру үшін:

экономиканың өнеркәсіпке бағдарлануы сапалы жұмыс орындары мен табысты арттыруды қамтамасыз етеді;

жұмыскерлердің табысын арттыруды негізінен экспортқа бағдарланған өндірісі бар жеке компаниялар қамтамасыз етеді;

кәсіпкерлікті қолдау және ШОБ дамыту жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді

Ұсынысты ынталандыру үшін:

орта және ұзақ мерзімді жоспарлау еңбек нарығының болжамдылығын қамтамасыз етеді;

бизнесті тарта отырып, экожүйені қалыптастыру негізделген жүйелі шешімдер қабылдау және жедел шараларды іске асыру үшін еңбек нарығындағы сұраныс туралы дәйекті ақпаратқа тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасы еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтардың біріне айналуда.

4-бөлім. Еңбек нарығын дамыту пайымы

Еңбек нарығының негізгі міндепті ең маңызды басымдығы жаңа сапалы жұмыс орындарын құру болып табылатын бәсекеге қабілетті, болжамды және бейімделгіш нарық құру болып табылады.

Еңбек нарығын сапалы жұмыспен қамтуға бағдарлау өнеркәсіптік кәсіпорындарды автоматтандыру мен цифрландыру жөніндегі шараларды қолдаумен, шағын және орта бизнесті әділ қолдаумен және білім беру жүйесінің парадигмасын қайта қараумен бірге еңбек өнімділігін арттыруды, азаматтарды әлеуметтік қорғауды, сондай-ақ теңгерімді аумақтық дамуды қамтамасыз етеді.

Бұл ретте "сапалы жұмыс орны" ұғымын былайша сипаттау қажет:

тұрақты жұмыспен қамту, яғни жұмыскер еңбек қызметін 6 айдан және одан көп мерзімде жүзеге асыруға тиіс;

еңбекақы төлеу деңгейі өңірдегі медиандық жалақыға тең немесе одан артық. Экономикада туындаған күйзелістерді сіңіру үшін өңірлердегі медиандық жалақы әр 6 ай сайын қайта қаралуға тиіс;

әлеуметтік қорғау пакетімен қамтамасыз ету – ай сайынғы міндепті зейнетакы жарналарының, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және Мемлекеттік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың болуы, ақылы демалыстың болуы;

қауіпсіз жұмыс ортасы (кәсіпорындағы жұмыс ортасының қауіпсіздігін бағалау үшін осы саладағы жұмыс орындарына қатысты өндірістік жарақаттар мен өлім-жітім санын салыстыру әдістемесі қолданылады).

Бұдан басқа, Қазақстанның еңбек нарығын одан әрі дамыту үшін:

салалар мен макроөңірлер бөлінісінде сапалы жұмыс орындарына сұранысты жүйелі ынталандыруды;

адами капиталды дамытуды, еңбек ресурстары сапасын арттыруды;

еңбек нарығы инфрақұрылымын дамытуды, сондай-ақ оның инклюзивтілігін арттыруды қамтамасыз ету қажет.

5-бөлім. Еңбек нарығын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Экономиканың негізгі секторларын индустрияландыру, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыруды және жұмыспен қамтудың жаңа түрлерін құруды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды кеңінен енгізу мен ілгерілету сапалы жұмыспен қамтудың өсу драйвері болуға тиіс.

Бұл бағыттар арқылы кәсіпорындар саны үлгайту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар бизнесінің көлемі мен ауқымын арттыру, бизнесті көлеңкелі сектордан ресми секторға ауыстыру көзделген.

Экономика тарапынан сұранысты тиімді ынталандыру үшін бірыңғай жүйелі тәсіл қажет, онда мынадай факторлар ескерілуге тиіс:

салаларды дамытудың ағымдағы деңгейі және жаңа өндірістер құру жөніндегі жоспарлар (Бірыңғай индустрияландыру картасы мысалында);

өндірістік қуаттардың технологиялық күрделілік деңгейін арттыру жөніндегі стратегиялық міндеттер;

демографиялық көрсеткіштермен байланыстыра отырып, адами капиталдың даму болжамы;

ТЖКБ даму деңгейі;

макроөнірдің салалық және инфрақұрылымдық ерекшелігі;

Жалпы еңбек өнімділігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту міндетін шешу үшін экономикада 1,5 млн жаңа сапалы жұмыс орнын құру қажет.

1-тaraу. Адами капиталды дамыту

Біліктілік деңгейін арттыру және жұмыс күші дағдыларын үздіксіз дамыту жөніндегі стратегиялық міндетте еңбек нарығына әлі шықпаған жастар да, қазіргі жұмыс күшін де қамтылуға тиіс.

Жұмыс процестерін автоматтандыруға байланысты жана дағдыларға деген қажеттілік тұрақты өзін-өзі тәрбиелеу және біліктілікті арттыру үшін, оның ішінде жұмыс берушілердің қолдауымен жағдайлар жасау арқылы өтелетін болады.

Дағдылардың қазақстандық еңбек нарығының болашағы үшін шешуші мәні бар. Қазақстандық жұмысшылар жұмыс орындарына мұқтаж. Бұл ретте олардың саны ғана емес, сапасы мен қолжетімділігі де маңызды.

1.1-параграф. ТЖКБ сапасын арттыру жөніндегі шаралар

Сұранысты ынталандыру міндеттеріне сүйене отырып, ТЖКБ жаңа экономика үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың орталық буыны болуға тиіс. ТЖКБ сапасын арттырудың негізгі факторы бизнеспен тығыз үйлестіру және экономиканы дамытудың стратегиялық бағыттарымен байланыстыру болып табылады. Осы мақсатта ТЖКБ-ны салалар мен өнірлер бөлінісінде кластерлеу, сондай-ақ оларды басым бағыттары бойынша сенімгерлік басқаруға беру ұсынылады.

Білім беру жүйесінің құрылымын өзгерту міндеті тұр. Егер бүгінгі күні ТЖКБ түлектерінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдарының түлектеріне арақатынасы 54-ке 46 болса, ендігі міндет – бұл арақатынасты тиісінше 30-ға 70-ке дейін жеткізу.

ТжКБ сапасын мынадай іс-шаралар есебінен арттыру көзделген:
кластерге кіретін ТжКБ ұйымдарында заманауи басқару нысандарын енгізу;
ТжКБ қабырғасында практикалық дағдыларды менгеру үшін мектептер мен ТжКБ
бірлескен жұмысы;

ТжКБ ұйымдарын офтейк-келісімшарттар шеңберінде ірі кәсіпорындарға
сенімгерлік басқаруға беру;

білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін "зәкірлік" ұйымдарды
айқындаі отырып, ТжКБ кластерлеу, заманауи басқару нысандарын енгізу;

экономиканың салалық кластерлерінің дамуына сәйкес ТжКБ ұйымдарын бейіндеу
және оқытудың желілік нысанын енгізу;

мектеп оқушыларын ерте кәсіптік диагностикалау және сұранысқа ие
мамандықтарға бағдарлау бағдарламасын енгізу;

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім
алуды жалғастыру үшін ТжКБ оқыту нәтижелерін тану.

Экономикалық әлеуеті артып келе жатқан өнірлерге еңбек ресурстарының
кеңістіктік ағыны міндеттінде ТжКБ рөлі ерекше. "Ауыл – қала" көші-қонын ескере
отырып, ауылдық жерлерде орналасқан ТжКБ жүйесін өнеркәсіптік өндіріс пен
қалалық экономикада қолданылатын дағдылары мен құзыреттері бар адами капиталды
дайындауға бейімдеу қажет.

Осы бағытты іске асыру үшін нысаналы өнірлерде, ТжКБ және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс берушілерін үйлестіру және колледж студенттері мен түлектері,
олардың біліктілігі туралы деректерді қамтитын бірыңғай ақпараттық жүйе қажет.

Бұған қоса, өзекті дағдыларды оқыту (білім беру бағдарламаларынан бастап
практиканан өтүге дейін) және кейінгі мансаптық жол процесін шоғырландыру үшін
жүйе әзірлеу қажет. Іс жүзінде ТжКБ мекемелері студенттердің оқыту нәтижелеріне
қол жеткізуін қадағалай алады, кәсіптік қалыптасу және одан кейінгі өсу процесін
автоматты түрде басқара алады, жұмыс орнына тікелей қажетті дағдыларды сұратады
отырып, белгілі бір кәсіпорынның талаптарына сай білікті кадрларды даярлауды
стандарттай алады. Жүйеде колледж студенттері мен түлектері туралы деректер
сақталып, кейіннен пайдаланылады.

Оқу аяқталған кезде жүйе студенттің түйін демесін электрондық еңбек биржасына
автоматты түрде тіркеп, жұмысқа орналастыру үшін арналған бос жұмыс
орындарының тізімін таңдау, кейін еңбек шарттарын жасасу мерзімдерін қадағалайтын
болады.

Жүйені толық көлемде пайдалану болашақта колледж студенттерінің таңдалған
даярлау бағытына қарай жұмысқа орналасуы бойынша білім беру ұйымдарының
рейтингін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

1.2-параграф. Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі шаралар

Әлемдік тәжірибеге сәйкес біліктілік теңгерімсіздігі проблемасының бірден-бір негізгі шешімі еңбек функцияларының үздіксіз технологиялық өзгерістері аясында дағдыларға сұраныстық өзгерістерді уақтылы көрсетіп отыратын тиімді Ұлттық біліктілік жүйесі болып табылады.

Еңбек нарығы мен кадрларды даярлау жүйесі арасындағы өзара байланысты қалыптастыру негізі еңбек нарығын диагностикалаудың негізгі құралы ретінде Ұлттық кәсіптер сыныптауышы үнемі жаңартып отыру арқылы қаланатын болады. Сыныптауыш сонымен қатар жұмыс күшіне қойылатын сапалы талаптардың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бизнестің тікелей қатысуымен белгілеу және жұмыс түрлерін айқындаудың күрделілігі жөніндегі базалық құжатқа айналатын жаңа және қолданыстағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу жұмысы жалғасады. Еңбек нарығының нақты бағытында талаптар эталоны бола отырып, олар бизнестің мамандарды даярлауға арналған техникалық тапсырмасы сияқты болады. Барлық кәсіптер мен сыныптар бойынша білімнің, дағдылар мен құзыреттердің толық жиынтығын айқындаі отырып, кәсіптік стандарттар қолданыстағы заңнаманы үйлестірудің негізі болады.

Бұдан басқа, кәсіптік стандарттар "Дағдылар банкі" анықтамалығын дамыту үшін де негіз болуға тиіс, бұл белгілі бір қызметтер тобы бойынша кәсіптік дағдылардың бірыңғай тізбесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын, онлайн курстарды әзірлеу және жаңарту және біліктілік пен дағдылардың жұмыс берушінің, еңбек нарығы мен жаңа экономиканың талаптарына сәйкестігін тану жөніндегі сертификаттауды енгізуінді шарты болып табылады. Кодталған және тиісті түрде жүйеленген талап етілетін дағдылар туралы деректер бүкіл халыққа қолжетімді болуы тиіс.

Осыған байланысты бизнес, жұмыскерлер қауымдастыры мен мемлекет адами капиталды дамыту бағыттарын айқындалап, болашағы үшін жауапкершілікті бөлісетін болады.

1.3-параграф. Өз жұмыскерлерінің құзыреттің арттыру және ішкі ұтқырлығын арттыру үшін кәсіпорындарды ынталандыру жөніндегі шаралар

Бизнесті ез салаларындағы мұқтаждық үшін білікті кәсіпқой кадрларды даярлауға және қайта даярлауға тарту үшін ынталандыруға арналған жағдай жасау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Білім беру үйымдарын бизнестің сұраныстарымен үйлестірудегі маңызды проблемаларды ескере отырып, ТжКБ мекемелерін өз салалары бойынша жетекші орындағы кәсіпорындардың меншігіне немесе сенімгерлік басқаруға беру білікті кадрлармен қамтамасыз етуді арттырып қана қоймай, сондай-ақ салалық білім мен инновациялар ағыны әсерін қамтамасыз етеді.

Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында мынадай шаралар ұсынылатын болады:

- салааралық ауысу, кәсіпкерлік қызметке тарту бойынша деңгейлес ұтқырлық;
- жаппай жұмыс орындарын құру, агломерациялардан тыс (Астана, Алматы, Шымкент қалалары) экономикалық өсу полюстерін құру үшін тұргын үй және көлік инфрақұрылымын дамыту көзделген инвестициялық жобалар шенберінде ішкі ұтқырлықты ынталандыру;
- жұмыс күші тапшы өнірлерге кадрлар релокациясын ынталандыру және экономиканың басым секторларында сапалы жаңа жұмыс орындар құру.

Сондай-ақ кәсіпорындарды кадрларды оқыту мен қайта даярлауға инвестиция салуға ынталандыру үшін мемлекеттің ішінара немесе толық субсидиялауы бойынша шаралар көзделетін болады. Болашақта ол жұмыс күшінің сапасын арттырумен қатар кәсіпорындардың оларды ұстап қалуға және одан әрі дамуға қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Жеке секторды өз қызметкерлерінің құзыретін арттыруға ынталандыру үшін мемлекет тарапынан мынадай шаралар көрсетіletіn болады:

- кәсіпорындарға гранттар мен субсидиялар беру;
- жұмыскерлердің қажетті білім және дағды деңгейін айқындау үшін сертификаттау жүйесін әзірлеу және енгізу;
- жұмыскерлерді мемлекеттік гранттар немесе субсидиялар түрінде оқыту үшін білім беру мекемелерін қолдау;
- кәсіптік дағдылар мен құзыреттерді арттырудың қажеттілігі туралы ақпараттық науқандар өткізу.

Аталған шаралар кәсіпорындарды өз жұмыскерлерінің оқуы мен дамуына инвестиция салуға ынталандырады, бұл кәсіпорындардың біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ тұастай елдің өнімділігі мен экономикалық өсуін арттыруға әкеледі.

Жастар көбеюде, оларды енбек қызметіне дайындау қажет, мұнда бағдар дағдылар деңгейін арттыру, кәсіпкерлікке тарту және жұмыс берушілермен әріптесе отырып жұмысқа орналасуға жәрдемдесу негізгі бағдар болады.

Жастар практикасы, аға буыннан тәжірибе алmasу арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жобалары, алғаш рет жұмыс ізден жүрген түлектер үшін жұмысқа орналасу мүмкіндігі, креативті индустрияда жас кәсіпкерлерді қолдау жастарды жұмыспен қамтуды қолдау кезіндегі негізгі бағыт болады.

Жұмыс орнында оқыту арқылы жұмысқа орналастыру кезіндегі кедергілердің еңсеруде NEET жастарға атаулы қолдау көрсету жұмыс берушілермен әріптестіктегі маңызды шара болып табылады.

"Өмір бойы оқу" тұжырымдамасында әр азаматтың жеке, білім алуда және кәсіптік дамуына баса мән берілуге тиіс. Мектептен бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін кез

келген адамның өмір жолында үнемі оқу қатар жүргуге тиіс. Осыған байланысты кәсіптік бағдарланудың маңыздылығы артып келеді, әсіресе ерте жаста мансап жолын таңдауды қолдау артып келеді. Бұл бағытта бүгінде "Мамандықтар бойынша нұсқаулық" цифрлық ақпараттық платформасын енгізу және дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күні жылдам индустриялық және цифрлық трансформация, сондай-ақ цифрлық дағды құндылығы артып келе жатқан уақытта бағдар "мамандық бойынша дипломнан" мамандардың нақты дағдыларын қарай ауысатын болады. Білім дағдыларды дамытудың орталық элементі болып табылады, бірақ білім дағдыларға барабар болмайды. Осыған байланысты классикалық білім беру жүйесімен қатар, онлайн оқытудың рөлі өте маңызды бола түсude.

Мыналар:

еңбек нарығында нақты сұранысқа ие біліктілікті арттыру немесе дағдыларды игеру;

кәсіптік білімнің, іскерлік пен дағдылардың жылдам өзгеріп отыруына байланысты жедел қайта оқытуды қамтамасыз ету;

цифрлық сауатсыздықты жою және азаматтардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру онлайн оқытудың ауқымды нәтижелеріне айналмақ.

2-тaraу. Сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

2.1-параграф. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сапалы жұмыс орындарын құру

Тау-кен өндіру өнеркәсібі экономиканың бірден-бір негізгі драйвері болып табылады. Осы салада жаңа, сапалы жұмыс орындарын құру жұмыс істеп тұрған өндірістерді:

геологиялық ақпараттың сапасын, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру, атап айтқанда бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз ететін және геологиялық ақпарат алу, өтінімдерді ресімдеу және инвестициялар мониторингі кезінде транзакциялық шығыстарды азайтатын жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға қосу (бұл өз кезегінде бастапқы құпия және жасырын ақпаратты қоспағанда, кейіннен алғаш цифранған геологиялық материалдарға қолжетімділік беріп, барлық геологиялық есептерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді);

өндіруші және металургия секторларындағы кәсіпорындарды жаңғырту нәтижесінде босатылатын жұмыскерлерді қолдау жөніндегі барлық тараптар үшін тиімді де оңтайлы шаралар қабылдау арқылы жаңғыртуға және кеңейтуге байланысты болады. Жергілікті атқарушы органдар мен стратегиялық маңызы бар ірі өндіруші және металургиялық компаниялар салалық және функционалдық орталық мемлекеттік органдардың қолдауымен технологиялық жаңғырту және/немесе кәсіпорындар қызметі

көлемінің азау нәтижесінде босатылатын жұмыскерлерді қолдау бойынша келісілген саясат әзірлеуге тиіс.

2022 жылы тау-кен өнеркәсібі саласында 113,3 мың сапалы жұмыс орны болды, бұл ретте сарапшылардың бағалауы бойынша 2030 жылға қарай сапалы жұмыс орындарының саны 270 мың бірлікті құрайды.

2.2-параграф. Өндіеу өнеркәсібінде сапалы жұмыс орындарын құру

Өндіеу өнеркәсібі де экономикадағы сапалы жұмыс орындарының негізгі генераторларының бірі болып табылады. Тау-кен өнеркәсібі сияқты сапалы жұмыс орындарының санын арттыру үшін жұмыс істеп тұрган қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ өткізу арналары мен инфрақұрылымды мыналар арқылы тиісті түрде дамыту қажет:

тауар өндірісін дамыту үшін сыртқы және ішкі нарықтарда проактивті сауда саясатын жүргізу. Нарықтардың дамуы мен қолжетімділігі инвестицияларды тартудың негізгі факторы болып табылады. Тау-кен өндіру және өндіеу өнеркәсібіндегі сауда саясатында айтарлықтай айырмашылық бар. Шикізат нарығы әдетте, сатушы нарығы болып табылады және ондағы жетістік көбінесе компанияның минималды бағадағы ең көп өнімді қамтамасыз ету және қоректік заттарды алу бойынша қолжетімділігіне байланысты. Бәсекелестік негізінен, баға базисінде жүреді;

көптеген дамушы елдердің үлгісі бойынша экспорттық әлеуетті де, ішкі нарықтың қажеттіліктерін базалық қамтамасыз етуді де іске асыру үшін өндіеу өнеркәсібі мен сауданы жүйелі жинақтап дамытудың бірыңғай тәсілін іске асыру. Өндіеу өнеркәсібінде бизнес-модельдер мен бәсекелес стратегиялар саны әлдеқайда көп және күрделі. Сондықтан тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін әртүрлі өнеркәсіптік тауарлары түрлерін: сұранысы бағамен анықталатын негізгі металдар, химиялық заттар мен тыңайтқыштар түріндегі стандартты өнеркәсіптік жартылай фабрикаттардан бастап, сұранысы брэндингпен анықталатын түпкілікті тұтыну тауарларына дейін ілгерілету бойынша құзыретті салалық топтар болуға тиіс;

сыртқы сауда саясатының күш-жігері Еуразиялық экономикалық одақ ішінде, ҚХР және Орталық Азия елдерімен арадағы тарифтік емес сауда кедергілерін жоюға жұмсалуға тиіс. Ол сыртқы сауданың нақты қажеттіліктері мен кедергілерді анықтау үшін өндіеу өнеркәсібінің қазіргі экспорттаушыларымен тұрақты диалогты қажет етеді;

өнеркәсіптік кооперациялар жүйесін құру және өнірлік кластерлерді қалыптастыру, тауар өндірістерін дамыту үшін трансшекаралық құн құру тізбегіне кіруін (өнірдің бәсекелес артықшылықтарын ескере отырып) қамтамасыз ететін шекара маңы өнірлерінде өндірістер құру және кеңейту. Қазақстан Орталық және Оңтүстік Азия нарықтарына неғұрлым белсендірек енуге, сондай-ақ осы елдердің өндірушілеріне Еуразиялық экономикалық одақ нарықтарына арналған өндіріс құру жағдайларын ұсынуға тиіс;

технологияларға қол жеткізу және Қазақстан үшін жаңа, жоғары технологиялық өнім түрлерін оқшаулау үшін азаматтық оффсет тетігі арқылы трансферті ынталандыру және технологияларды оқшаулау. Реттелетін сатып алу туралы заңнамада негізгі келісімшартпен қатар жоғары технологиялық және қымбат импорт өнімдерін жеткізуге арналған оффсеттік келісімдер жасасу мүмкіндігі көзделуге тиіс. Ішкі өндірісті дамытудың маңызды шарты ішкі нарықты экономикалық контрабандадан және техникалық реттеу мен ұлттық стандарттарды пайдалану арқылы сапасыз тауарларды жеткізуден қорғау болып табылады. Бұл бизнесін осылар арқылы құрып отырған күшті мүдделі топтардың тарапынан болатын астыртын әрекеттер мен қауіптерді женуді талап етеді;

енергетикалық, су, көлік-логистикалық, инженерлік және цифрлық инфрақұрылымның озық ұсынысы арқылы кеңістіктік және өнеркәсіптік дамуды ынталандыру. Шығасыларды азайту және инвестицияланған ресурстардың кірістілігін ұлғайту арқылы өндеу өнеркәсібінің тартымдылығын арттыру қажет. Бұған мамандандырылған өндіріс факторларын құру, кеңейту және қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік және кеңістіктік дамуды біріктіруге бағытталған жүйелік жұмыс арқылы ғана қол жеткізуге болады. Барлық күш-жігер жоғары сапалы өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды, адами капиталды, құзыреттілік орталықтарын, тестілеу және сертификаттау инфрақұрылымын дамытуға жұмылдырылуға тиіс. Арнайы өндіріс факторлары бар кеңістік "өсу нұктелерін" құру инвесторларды тартуға және саланың өсуін ынталандыруға көмектеседі;

Өндеу өнеркәсібінің тиімділігін арттыру, мұнда ішкі және сыртқы нарықтарда тиімді бәсекелесе алатын кәсіпорындарды айқындау және қолдау маңызды болады. Мұндай қолдау қорды қаржыландырудың қолжетімділігі, даму институттары арқылы ұзақ мерзімді кредиттеу, технологиялық жаңғыртуға өнеркәсіптік гранттар беру, теріс тиімді мөлшерлеме бойынша өнеркәсіптік ипотека беру, реттеуді женілдету және кәсіпорындардың бәсекелік позицияларын нығайтуға ықпал ететін басқа да ынталандырулар жөніндегі кедергілердің төмендеуінен көрініс табуы мүмкін.

Сонымен қатар қолдау фаворитизмсіз немесе кемсітусіз ашық және әділ негізде көрсетілуі қажет. Осы тиімді кәсіпорындарды бизнес-қоғамдастықпен тығыз ынтымақтастықта айқындал, оларға қажетті қолдау көрсету маңызды.

Технологияларды табысты трансфертеу және өнеркәсіптік өндірістегі кәсіпкерлік таланттарды тарту жөніндегі көші-қон саясаты шетелдік білікті адами ресурстарды тарту бойынша транзакциялық шығасыларды азайтуды қамтамасыз етеді. Отандық кадрларды озыңқы даярлау және ұлттық (халықаралық/өңірлік) құзыреттер орталықтарын құру үшін әлемдік жетекші компаниялармен ынтымақтастықта тапшы кәсіптер бойынша шетелдік мамандар тартылатын болады. Шақырылатын мамандар

үшін: еңбек қызметі бойынша ыңғайлы режим, барлық рұқсат беру рәсімдерін алуды оңайлату, тұруға ықтиярхат бере отырып, талап етілетін кәсіптер үшін виза беру көзделген.

2022 жылы өндіреу өнеркәсібінде 247,9 мың сапалы жұмыс орны болды (Қазақстандағы сапалы жұмыс орындарының жалпы санының 12,2 %-ы, ең жоғары көрсеткіш), сарапшылардың бағалауы бойынша 2030 жылға қарай сапалы жұмыс орындарының нысаналы саны 524 мың бірлікке жететін болады.

2.3-параграф. Құрылышта және көлік саласында сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

Құрылыш саласындағы еңбек нарығын дамыту саясаты негізінен олардың сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету шартымен, жеке секторда жана сапалы жұмыс орындарын құруды ынталандыруға бағытталған.

Құрылыш саласындағы шаралар саладағы экономикалық белсенділіктің экономиканың басқа секторларындағы, ең алдымен, өнеркәсіптегі және оның инфрақұрылымындағы экономикалық белсенділікке тікелей байланысты болуына негізделген. Құрылышта сапалы жұмыспен қамтуды ынталандыру жөніндегі шаралар өнеркәсіптік немесе инфрақұрылымдық саясаттағы келісілген өзгерістермен шоғырландырылуға тиіс екенін ескеру қажет.

Біліктілік талаптары бөлігінде (медианалық жалақы, еңбек қауіпсіздігі және басқалар, тұрақты жұмыскерлер саны) құрылыш жұмыстарында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін қайта қарау және тұрғын үй құрылышы нарығында бәсекелестікті ынталандыру мақсатында көппәтерлі тұрғын үй салуға жер участеклерін беру тәсілдерін өзгерту негізгі шаралар болады. Жергілікті атқарушы органдар осындай жер участеклерін беруге конкурстар өткізген кезде құн орнына құрылыш салушының әкімдіктерге жер участекері үшін төлем ретінде беретін тұрғын үй алаңының көлемі негізгі өлшемшарт ретінде айқындалатын болады. Осылайша алынған тұрғын үйді әкімдіктер мемлекеттен тұрғын үй алуға кезекте тұрған халықтың ғана мұқтажын қанағаттандыру үшін ғана пайдаланатын болады.

2022 жылы құрылыш саласында 136,9 мың сапалы жұмыс орны болған, сарапшылардың бағалауы бойынша сұранысты ынталандыру жөніндегі шараларды іске асыру қорытындысы бойынша сапалы жұмыс орындарының нысаналы саны 2030 жылға қарай 191 мың бірлікті құрайды.

Өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, сондай-ақ сауданы, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын дамытуға жәрдемдесетіндіктен, көлік саласының экономикадағы маңызы зор. Бұған қоса, көлік саласы көптеген жұмыс орындарын ашып, тасымалдаудың тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыратын инновациялар мен технологияларға инвестиция салады.

Көлік саласында сапалы жұмыс орындарын құру мақсатында барлық кіші салалардың (автокөлік, теміржол және авиакөлік) инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру мақсатында саланы одан әрі цифрландыруды ынталандыру жөніндегі шаралар кешені қажет.

2022 жылдың қорытындысы бойынша көлік саласында 179,1 мың сапалы жұмыс орнын құрайды, сарапшылардың бағалауы бойынша бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 298 мың жұмыс орнын құрамақ.

2.4-параграф. Ауыл шаруашылығында, сауда мен көрсетілетін қызметтердегі сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

Халықтың басым бөлігі үшін азық-түліктің, шикізаттың, табыс пен жұмыспен қамтудың көзі болып табылатындықтан, ауыл шаруашылығы саласының Қазақстан экономикасы үшін маңызы зор. Ауыл шаруашылығы сондай-ақ тамақ, жеңіл, химия және машина жасау сияқты басқа да салалардың дамуына әсер етеді.

Ауыл шаруашылығындағы сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру үшін басым бағыттарды (фермалар құру, зәкірлік кооперация, сервистік бизнесі қаржыландыру) мемлекеттік қолдау жөніндегі қарсы міндеттемелер тетігін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығын, кәсіпорындарды кластерлеуді, , аграрлық ғылым саласында қолданбалы технологиялар әзірлеп, жаппай таратуды, кадрларды оқыту үшін ТжКБ базасында агрокүзырезеттілік орталықтарының желісін құруды қоса алғанда, жұмыспен қамту саласы ретінде ауыл шаруашылығының еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар жүргізу қажет.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығын технологияландыруға бағдарлау қажет. Атап айтқанда, жаңа технологияларды, жаңа сорттар мен тұқымдарды енгізуі ынталандыруда жер өнімділігін (өнімділік) және жануарлар мен құс өнімділігін (сауымдар, салмақ өсімдері, қырқу, жұмыртқа өндіру және т.б.) арттыру жөніндегі мемлекеттік ынталандыру шараларын қабылдау қажет.

Ол үшін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесін, бірінші кезекте субсидиялау жүйесін реформалау қажет.

Өндіріс факторларын субсидиялаудан (техника, тұқымдар, тыңайтқыштар, пестицидтер, мал басы және т.б.) түпкілікті өнімді тікелей субсидиялауға көшу жеткізу тізбегіне қатысушыларды сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін көбірек алуға ынталандырады.

Ауыл шаруашылығындағы сапалы жұмыс орындарының үлесі 51,7 мыңды құрайды. Сарапшылардың бағалауы бойынша аталған көрсеткіш 2030 жылға қарай 95,5 мың бірлікті құрайды.

Қазақстандағы қызмет көрсету секторы ел экономикасына ауқымды үлес қосып, еліміздің 52,5 %-ын ЖІӨ (2022 жыл) құрайды. Сектор сауда, телекоммуникация, қаржы , жылжымайтын мұлік және мемлекеттік басқару сияқты көптеген қызмет түрлерін

қамтиды. Капиталды неғұрлым қажет ететін салаларға қарағанда қызмет көрсету секторын дамытудың айырмашылығы ол еңбек ресурстарын, оның ішінде экономиканың басқа секторларынан босатылатын ресурстарды тартуға байланысты болады.

Қызмет көрсету секторында еңбек нарығын дамыту үшін бәсекеге қабілетті даму әлеуетінің болуын және саланың құрылымын ескере отырып, жеке инвестицияларды көлік-логистикалық инфрақұрылым салуға (көтерме-тарату және логистикалық орталықтар, қоймалар, фулфилмент орталықтар, ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған қоймалар) ынталандыру, сондай-ақ сертификаттау жүйесін дамыту қажет.

Білім экономикасына байланысты көрсетілетін қызметтер секторы (креативті экономика, ғылыми және техникалық қызмет) үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және бәсекелестікті шектеу түріндегі институционалдық кедергілерді жою өте маңызды.

Электрондық саудамен қатар, сауданы дамыту үшін қолайлыш жағдайлар жасау мақсатында мемлекеттік саясат шаралары мынадай бірқатар:

жергілікті атқарушы органдар үшін халықты, ең алдымен қала тұрғындарын заманауи форматтағы сауда алаңдарымен қамтамасыз етудің индикативтік нормаларын енгізу арқылы заманауи сауда форматтарын дамыту және заманауи сауда алаңдарының тапшылығын қысқарту;

көтерме-тарату және логистикалық орталықтарды, қоймаларды, тарату орталықтарын (фулфилмент орталықтарын), ауыл шаруашылығы өнімдері қоймаларын және т.б. қоса алғанда, сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту;

кедендей ресімдеу мерзімдерін неғұрлым қысқарту және оның өткізу қабілеттін арттыру үшін инфрақұрылымдағы кедергілерді жою арқылы сыртқы сауда операцияларының көлемін ұлғайтуды ынталандыру;

сертификаттарды алу мерзімдерін қысқарту және қазақстандық өнім үшін сыртқы нарықтардың қолжетімділігін арттыру үшін өнімді сертификаттау жүйесін дамыту сияқты негізгі міндеттерді шешуге шоғырландырылатын болады.

Сауда секторында 2022 жылды 183,7 мың сапалы жұмыс орны болды, бұл осы саладағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 13,7 %-ын құрайды (ең төмен көрсеткіштердің бірі). Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл нысаналы көрсеткіш 2030 жылға қарай 493,2 мың жұмыс орнын құрайтын болады.

2.5-параграф. Макроөнірлерді ескере отырып, сапалы жұмыс орындарына сұранысты ынталандыру

Сұранысты жүйелі ынталандыру макроөнірлерді теңгерімді дамытуға бағытталуы тиіс. Ол үшін өндіруші өнеркәсіптен және өнімділігі төмен ауыл шаруашылығы секторларынан өндеу өнеркәсібіне және экономиканың өнімділігі жоғары сервистік секторларына инвестициялық және еңбек ресурстарының ағынын қамтамасыз ете

отырып, экономикаларды әртаратандыру саясатын жүргізу қажет, бұл ел халқының жан басына шаққандағы орташа табысын арттырады.

Сапалы жұмыс орындарынан кейін еңбек көші-қоны үшін жағдай жасау өнірлер мен салалар бөлінісінде еңбек ресурстары ағынын тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жұмыс орындарының саны мен сапасын арттыру дұрыс көшу үшін шешуші болып табылатын өнірлік және салалық маманданды өзгертуге бағытталған қайта даярлау мен оқытуды, сондай-ақ бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету кезінде сапалы жұмыс орындарын кеңейту және құру жөніндегі өлшемшарт енгізу талап етіледі.

Оңтүстік макроөнірдегі сұранысты жүйелі ынталандыру – бұл бастапқы индустрияландыру және кадрлардың ұтқырлығы

Оңтүстік макроөнірдегі 2030 жылға дейінгі жұмыс күшінің болжамында негізінен жастар есебінен қамтамасыз етілетін, жыл сайынғы 200 мың адамға дейінгі өсім белгіленген. Бұл ретте макроөнірде 2030 жылға қарай жұмыс күшінің жоғары шоғырланғаны байқалып отыр (Қазақстандағы барлық жұмыс күшінің 35 %-ынан астамы).

Макроөнірдегі жалдамалы жұмыскерлердің медианалық жалақысы Қазақстан бойынша ең төмен (178,5 мың теңге). Жұмыспен қамту құрылымының ерекшелігі халықтың ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылуының жоғары болуымен (ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің 50 %-ы елдің оңтүстігінде жұмыс істейді) және өнеркәсіп секторындағы жұмыскерлер санының төмен үлесімен (15 % – макроөнірлердегі ең төмен көрсеткіш) сипатталады.

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамту үлесі жоғары елдің оңтүстік өнірлеріндегі табысты арттыру жөніндегі міндеттерді шешу осы өнірлердің экономика құрылымын өзгертуді талап етеді. Ол үшін жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетін барынша пайдалана отырып, осы өнірлерде бастапқы индустрияландыру үшін тартымды жағдай жасау керек.

Оңтүстік өнірлерде "индустрияландыру нұктелерін" өндірістерді оқшаулау және жеңіл және тاماқ өнеркәсібінде, сондай-ақ құрылыш материалдары саласында салалық кластерлерді одан әрі дамыту сияқты шараларды іске асыру арқылы қалыптастыру ұсынылады. Өндіре өнеркәсібін дамыту инфрақұрылым құруды, сондай-ақ оңтүстіктегі бастапқы индустрияландыру жобалары үшін (негізінен жеңіл өнеркәсіп) кадрларды даярлау мен қайта даярлауды талап етеді.

Басқа макроөнірлердің демографиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, кадрлар нысаналы даярлауды және олардың орталық және Шығыс Қазақстанға ауысуын қамтамасыз ету қажет. Еңбек нарығындағы қолданыстағы трендтер сондай-ақ Қазақстанның жұмыс күші мол аймақтарынан сапасы жоғары еңбек көші-қонын қамтамасыз етуді талап етеді.

Бастапқы индустрияландыру шенберінде кадрларды сапалы даярлау үшін ТЖКБ жүйесін қайта ұйымдастыру, бейінді колледждердің үлесін ұлғайту және салалық кәсіпорындармен өзара іс-кимыл деңгейін арттыру қажет.

Орталық-Шығыс макроөніріндегі сұранысты жүйелі ынталандыру – экономиканы қайта индустрияландыру

Орталық-Шығыс макроөнірдегі жұмыс күшінің 2030 жылға дейінгі болжамы 7 жыл ішінде өнірдегі жұмыс күші жалпы санының 10 %-ға төмендегенін, сондай-ақ жұмыс күші құрылымындағы жастар үлесінің артқанын, жыл сайын еңбек нарығына 30 мыңдан астам адамның шығатынын көрсетіп отыр.

Макроөнірдегі жалдамалы жұмыскерлердің медианалық жалақысы 203,2 мың теңгені құрайды. Жұмыспен қамту құрылымының ерекшелігі халықтың өнеркәсіптегі жұмыспен жоғары қамтылуымен сипатталады.

Орталық-Шығыс макроөнірінде жаңа жұмыс орындарын құрудың және халық табысын арттырудың басым бағыты өнір экономикасын қайта индустрияландыру болуға тиіс, яғни алдымен өнеркәсіпті қалпына келтіру, содан кейін дамыту процесін жүргізу қажет.

Бұл міндетті іске асыру үшін өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту, сондай-ақ технологияларды әзірлеу, жұмыс істеп тұрған өндірістердің курделілігін арттыру, ірі технологиялық компанияларды тарту үшін заманауи зерттеу орталықтарын құру жөніндегі шаралар қажет.

Макроөнірдің экономикалық және демографиялық ерекшеліктерін негізге ала отырып, өндіруші өнеркәсіптен өндеу өнеркәсібіне салааралық ағынын, сондай-ақ басқа өнірлерден ТЖКБ базасында тиісті нысаналы даярланып, қайта даярлаған білікті кадрлар ағынын қамтамасыз ету қажет.

Солтүстік макроөнірдегі сұранысты жүйелі ынталандыру – агробизнесі кластерлеу

Солтүстік макроөнір негізінен жұмыс күші дамуының теріс болжамымен сипатталады – 7 жыл ішінде өнірдегі жұмыс күші жалпы санының төмендеуі 12 %-ға жеткен, сондай-ақ еңбек нарығына жыл сайын қосылатындар 30 мыңдан аз (ел бойынша ең төменгі көрсеткіш). Мегаполистер мен шекаралас өнірлер тарапынан болатын жоғары көші-қон қысымы да қосымша фактор болып табылады.

Макроөнірдегі жалдамалы жұмыскерлердің медианалық жалақысы Қазақстан бойынша онтүстіктен кейін екінші, ең төменгі жалақы болып табылады (186,7 мың теңге). Жұмыспен қамту құрылымының ерекшелігі халықтың ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылумен жоғары (ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің 25 %) және өнеркәсіп секторындағы қызметкерлердің үлесінің (18 %) төмен болуымен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын астық өндіруге маманданғанын ескерсек, кластерлеу есебінен елдің солтүстік өнірлерінде сапалы жұмыс орындарының үлесін ұлғайтуға болады. Ол үшін:

шығыс материалдарын қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндеу барлық циклді қамту үшін өндірістік және қайта өндеу компанияларының кластерлерін дамыту;

жана технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сақтау және бір кластерде өткізу тізбегінің бірыңғай жүйесіне арналған инфрақұрылым құру шараларын кешенді іске асыру қажет.

Кадрларды даярлау жүйесін индустрияландыру саласындағы өңірлік жобалармен байланыстыру есебінен кадрлардың кетуін азайту, сондай-ақ кадрларды ауыл шаруашылығын автоматтандыруға және цифрландыруға баса назар аудара отырып даярлау да негізгі міндет болмақ.

Батыс макроөніріндегі сұранысты жүйелі ынталандыру – жер қойнауын пайдаланушылардың елшілік құндылық бағдарламаларын дамытуы

Батыс макроөнірінде 2030 жылға дейінгі жұмыс күшінің болжамы негізінен оң үрдістермен – өңірдегі жұмыс күшінің жалпы санының өсуімен еңбек нарығына шығатын жастар санының 1,5 есеге (40 мың адамға дейін) көбеюімен сипатталады.

Жұмыспен қамту құрылымының ерекшелігі халықтың өнеркәсіпте жоғары жұмыспен жоғары қамтылуымен және ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен өте төмен (6 %) қамтылуымен сипатталады. Батыс макроөнірінің 90 %-дан астамын ЖӘӨ өндіруші өнеркәсіп – саны жағынан шектеулі құрылыш жатқан жұмыс орындарында өнімділігі жоғары сектор қамтамасыз етеді. Макроөнірдегі жалдамалы жұмыскерлердің медианалық жалақысы 227,7 мың теңгені құрайды.

Батыс макроөнірде сапалы жұмыс орындарын құрудың және халық табысын арттырудың басым бағыты өңір экономикасын индустрияландыру – бизнесті ашу мен дамытуды қолдау мақсатында жер қойнауын пайдаланушылармен ұзақ мерзімді әріптестікпен консорциум құру жөніндегі жобаларды іске қосу болуға тиіс.

Жаңа өнеркәсіптік өндірістерді құруды жаңа өндірістерді құруға және оқшаулауға арналған офтейк-келісімшарттар тетігін қолдана отырып және технологиялар трансферті мен инвестициялар тартуға арналған офтейк-келісімшарттар тетігін қолдана отырып жүзеге асыру қажет.

Батыс макроөнірінде индустрияландыру бағдарламаларын тиімді кадрлық қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі және орта білім беру мен ТжКБ сапасын арттыру үшін үздік кадрларды тарту бағдарламасы қажет.

3-тaraу. Сұраныс пен ұсынысты ұштастыру үшін экономика мен адами капиталды дамыту жүйесінің тиімді байланысына жағдай жасау

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады.

Бүгінгі күні жұмыс орындары негізінен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, инвестициялық жобалар, шағын және орта қесіпкерлікті дамытуды ынталандыру жөніндегі бағдарламалар шенберінде іске асырылатын жобаларда құрылады.

Осыған байланысты жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлы көрсеткіштер өнірлік жұмыспен қамту карталарында көзделетін болады.

Жұмыс орындарын құру, сондай-ақ халықты жұмысқа орналастыру мониторингі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесі арқылы ("Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, "Жұмыс орындарын құрудың интеграциялық картасы" ақпараттық жүйесі, Электрондық еңбек биржасы) жүзеге асырылатын болады.

3.1-параграф. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары жұмысының форматын өзгерту және еңбек нарығының цифрлық экожүйесін одан әрі жетілдіру

Еңбек нарығы мен жұмыспен қамтудың көрсетілетін қызметтерін дамытудың заманауи үрдістеріне сәйкес келетін бірыңғай бағдарламалар мен әдістемелер бойынша үздіксіз кәсіби дамуды қамтитын Еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының қызметкерлерін оқытудың кешенді жүйелері құрылатын болады. Сондай-ақ қызметкерлердің алған білімдерін бағалау, аттестаттау нәтижелері негізінде біліктілік санаттарын беру, еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жүргізіледі.

Еңбек мобиЛЬділігі орталығының міндеті жұмыссыздармен жұмыс істеуде жеке тәсілді қамтамасыз ету және олар үшін көрсетілетін қызметтердің дұрыс және жеткілікті жиынтығын әзірлеу болады, яғни жұмыссыздармен кейс-менеджмент қағидаттарында жұмыс істеуге көшу қамтамасыз етіледі.

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары жұмысындағы жаңа тәсілдер азаматтар мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен мұddeлері негізінде жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ барлық мемлекеттік қолдау құралдарын толық цифрандандыру және жұмыспен қамтудың цифрлық қызметтерін енгізу жүргізіледі.

"Цифрлық жұмыспен қамту қызметі" жобасын іске асыру шенберінде еңбек мобиЛЬділігі орталықтары офисіне барып, онлайн форматта қызметтер көрсету үлесін азайту және ізденушілер мен жұмыс берушілердің жұмыспен қамту органдарымен өзара іс-қимылын цифрлық арналар жағына ауыстыруға басымдық беру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Жұмыспен қамту органдарының цифрлық трансформациясы қызметтерді цифрлық форматта көрсетуге толықтай көшүін көздейтін болады. Қашықтан мансаптық кеңес беру тетіктері, жұмыс берушілермен бейне-түйіндеме және бейне-әңгімелесу арқылы байланысу құралдары әзірленеді, сондай-ақ жұмыс іздеу кезінде бос орындар мен түйіндемелерді салыстыруда жасанды интеллект пайдаланылатын болады.

Цифрлық жұмыспен қамту органдарының жұмыс стратегиясы көрсетілетін қызметтерге барлық мүдделі тараптардың тен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағдарланатын болады.

Жұмыспен қамту саласындағы қызметтерді цифрандыру көрсетілетін қызметтердің сапасы мен ашықтығын, азаматтар мен жұмыс берушілер үшін мемлекеттік қолдау шараларын алудың жылдамдығы мен ыңғайлылығын арттыруға, бюрократиялық кедергілерді төмендетуге ықпал ететін болады.

Электрондық еңбек биржасы порталын одан әрі дамыту шеңберінде жасанды интеллект негізінде:

манасп жолының дизайнери және кәсіптік бағдаршы;

өнірлік және халықаралық еңбек көші-қоны ықтималдығы;

онлайн оқытуудың қолжетімділігін кеңейту және жаппай қамтамасыз ету;

дағдыларды тәуелсіз бағалау және сертификаттау;

электрондық еңбек шарттарын жасасу;

"Платформалық жұмыспен қамту" электрондық сервисін қамтитын дағдыларға сәйкес бос орындарды жеке іріктеу бойынша сервистер әзірленетін болады.

Бұл азаматтардың жай ғана жұмыс іздең қоймай, белсенді жұмысқа орналасуға бет бұруына мүмкіндік береді, сондай-ақ дағдыларды дамыту, еңбек мобиЛЬДІЛІГІ, еңбек қатынастарын оңай ресімдеу арқылы табысын арттыруға жағдай жасайды.

3.2-параграф. Платформалық жұмыспен қамтуды формальдандыру

2023 жылы платформалық жұмыспен қамтуды формальдандыру жөніндегі пилоттық жоба іске асырылды, онда табыстың 1 %-ы мөлшерінде бірыңғай ай сайынғы салық төлемі көзделеді. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі қолданысқа енгізілді, онда платформалық жұмыспен қамтуды реттеу жөніндегі нормалар бекітілді, атап айтқанда, тиісті бап, ұғымдық аппарат енгізіліп, платформалық жұмыспен қамту тараптарының өзара іс-қимыл тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері айқындалды.

Платформалық жұмыспен қамтуды түпкілікті формальдандыру үшін интернет-платформалар арқылы, оның ішінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу арқылы жұмыс істейтін адамдар үшін жаңа салықтық режим енгізу қажет.

3.3-параграф. Еңбек нарығының инклузивтілігін арттыру

Зейнет жасына толуға аз қалған (егде жастағы) адамдарға мүмкіндік жасау.

Зейнеткерлік жас шегі ұлғайған сайын зейнет жасына толуға аз қалған адамдардың экономикалық белсенділік деңгейін арттыру мақсатында оларды жұмыспен қамтуды қолдау қажеттігі де арта түседі.

Осы бағытты іске асыру үшін аға буын өкілдері үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің мынадай үш негізгі тетігін дамыту ұсынылады:

жалақыны субсидиялау арқылы жұмыс берушілерді зейнет жасына толуға аз қалған адамдарды жалдауға үшін ынталандыру, бұл аға буын өкілдеріне ресми зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеуге және сол арқылы қартайған шақтағы лайықты өмірін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

дағдыларды игеру арқылы біліктілікті үздіксіз арттыру үшін егде жастағы жұмыс күшін "өмір бойы оку" мәдениетіне тарту. Оқыту барысында алған дағдылардың кең қолжетімділігі мен өзектілігі тегін мемлекеттік платформада онлайн-оқуды қамтамасыз етеді. Кесіптік тәжірибе мен жаңа дағдыларды игерудің үйлесімі егде жастағы адамдарға жас адамдардан қалыспай, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Мүгедектігі бар адамдар үшін мүмкіндік жасау

Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндік жасау және оларды экономикалық белсенділікке қосу инклузия саясатының маңызды бағыты болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар еңбекке қабілетті азаматтар шетте қалмауға тиіс, керісінше оларды барлығымен тең дәрежеде нәтижелі жұмыспен қамтуға қосу қажет. Ол үшін еңбек қызметін әлеуметтік қорғау және цифрандыру құралдары белсенді пайдаланылатын болады.

Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында мынадай құралдар қолданылатын болады:

жалақыны субсидиялау арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдарды жалдауды ынталандыру, сондай-ақ жұмыс орындарына бейімделу және оқыту шығыстарын өтешу;

мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау, сондай-ақ жұмыс орындарын сақтамай жаңа жұмысшыларды жалдау үшін квоталарды пайдалануды ынталандыру;

медициналық қорытындыға ресми түрде баға берумен шектелмей, мүгедектігі бар адамның еңбекке қабілеттілік дәрежесіне, ұмтылыстары мен әлеуметтік сипаттамаларына қарай жұмысқа орналастыруды қолдау және ынталандыру жүйесін дамыту.

Сондай-ақ кешенді нысаналы қолдау кәсіпкерлікті бағдарламаларын дамыту есебінен мүмкіндіктері шектеулі адамдар арасында кәсіпкерлікті ынталандыру қажет.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Мақсаттарға қол жеткізу осы Тұжырымдамаға 1-кестеде көрсетілген нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады.

Ұзындыған шараларды іске асыру сапалы жұмыс орындарының санын арттырып, жұмыспен қамту құрылымын жақсартады.

2030 жылға қарай экономикада 3,8 млн сапалы жұмыс орны болады деп күтілуде,,
бұл жалпы жұмыспен қамту қурылымында 45 %-ды қурайтын болады.

Сапалы жұмыс орындарының орташа жылдық өсу қарқыны 10 % қурайды.

1,7 миллион адамның табысы медианалық жалақыдан жоғары деңгейге дейін артады.

Жыл сайын табысы медианалық жалақыдан асатын адамдардың саны орта есеппен 288 мыңға көбейетін болады.

Кесте. Нысаналы индикаторлар

1.12	мұлікпен операция лар	мын адам	21	22	23	23	24	25	Әділетми ні
1.13	Кәсіптік, ғылыми және техникал ы қ ызымет	мын адам	66	68	70	72	74	76	ӨҚМ, ҒЖБМ, АШМ
1.14	Әкімшілі к және косалқы қызымет көрсету саласынд ағы қызымет	мын адам	62	66	70	72	76	80	Еңбекми ні, ИМ, TCM
1.15	Мемлеке ттік басқару және қорғаныс , міндетті әлеуметті к қамсызда ндыру	мын адам	260	268	276	285	293	301	МҚІА, Еңбекми ні , Қорғаныс мині
1.16	Білім беру	мын адам	372	394	420	439	456	466	ОМ , ҒЖБМ, ДСМ, АШМ, ІМ, Қорғаныс мині, МАМ
1.17	Денсаул ық сақтау және халыққа әлеуметті к қызымет көрсету	мын адам	256	276	297	318	339	358	ДСМ, Еңбекми ні
1.18	Өнер, ойын-сау ық және демалыс	мын адам	30	33	35	38	40	44	МАМ, TCM
1.19	Қызыметте рдің басқа түрлерін ұсыну	мын адам	29	31	32	35	36	39	ҰЭМ, Еңбекми ні

1.20	Платфор малық жұмыспе н қамту	мын адам		205	253	302	350	398	Еңбекми н і , Қаржими н і , ЦДИАӘ М
2	Өңірлер бөлінісін де сапалы жұмыс орындар ының санын ұлғайту	мын адам	2 452	2 847	3 085	3 324	3 562	3 801	Қазақста н Республи касының Үкіметі
2.1	Абай облысы	мын адам	60	69	71	74	76	80	облыс әкімдігі Абай
2.2	Ақмола облысы	мын адам	99	116	126	136	148	158	Ақмола облысын ың әкімдігі
2.3	Ақтөбе облысы	мын адам	127	148	161	174	187	200	Ақтөбе облысын ың әкімдігі
2.4	Алматы облысы	мын адам	98	113	125	136	148	160	Алматы облысын ың әкімдігі
2.5	Атырау облысы	мын адам	111	129	141	153	164	175	Атырау облысын ың әкімдігі
2.6	Батыс Қазақста н облысы	мын адам	89	103	113	122	131	141	Батыс Қазақста н облысын ың әкімдігі
2.7	Жамбыл облысы	мын адам	100	115	124	134	143	152	Жамбыл облысын ың әкімдігі
2.8	Жетісу облысы	мын адам	73	83	88	95	101	107	облыс әкімдігі Жетісу
2.9		мын адам	150	169	180	189	199	209	Қарағанд ы

	Карағанды облысы								облысының ың әкімдігі
2.10	Қостанай облысы	мын адам	108	123	130	136	144	151	Қостанай облысының ың әкімдігі
2.11	Қызылорда облысы	мын адам	79	93	100	108	115	123	Қызылорда облысының ың әкімдігі
2.12	Маңғыстау облысы	мын адам	98	116	130	142	154	166	Маңғыстау облысының ың әкімдігі
2.13	Павлодар облысы	мын адам	99	111	116	121	125	131	Павлодар облысының ың әкімдігі
2.14	Солтүстік Қазақстан облысы	мын адам	67	75	78	81	85	88	Солтүстік Қазақстан облысының ың әкімдігі
2.15	Түркістан облысы	мын адам	147	174	191	207	224	241	Түркістан облысының ың әкімдігі
2.16	Ұлытау Облысы	мын адам	30	33	35	37	39	40	Ұлытау облысының ың әкімдігі
2.17	Шығыс Қазақстан облысы	мын адам	96	108	112	118	122	127	Шығыс Қазақстан облысының ың әкімдігі
2.18	Астана қаласы	мын адам	252	296	326	354	384	412	Астана қаласының ың әкімдігі
2.19	Алматы қаласы	мын адам	466	553	610	668	725	783	Алматы қаласының ың әкімдігі

2.20	Шымкент қаласы	мың адам	103	120	128	139	148	157	Шымкент қаласының әкімдігі
------	----------------	----------	-----	-----	-----	-----	-----	-----	----------------------------

Қазақстан Республикасының
еңбек нарығын дамытудың
2024 – 2029 жылдарға арналған
тұжырымдамасына
қосымша

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

P/c №	Реформалардың негізгі іс-шаралардың атауы	/ Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
-------	---	------------------	-----------------	----------------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1. Адами капиталды дамыту

Нысаналы индикаторлар:

кәсіптік стандарттармен қамтылған сұранысқа ие кәсіптердің үлесін 2029 жылға қарай 90 %-ға дейін жеткізу

1	Кластерге кіретін ТжКБ ұйымдарында заманауи басқару нысандарын енгізу	ОМ бүйрекі	2024 жылғы желтоқсан	ОМ, ЖАО
2	ТжКБ жүйесінде оқытудың желілік оқыту нысанын енгізу	ОМ бүйрекі	2026 жылғы желтоқсан	ОМ, Еңбекмині, ЖАО
3	Оқушыларды ерте кәсіби диагностикалау және сұранысқа ие мамандықтарға бағдарлау бағдарламасын енгізу	ерте кәсіби диагностикалау бағдарламасы	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	ОМ, ФЖБМ, Еңбекмині, ЖАО
4	ТжКБ орындарында практикалық дағдыларды менгеру үшін мектептер мен ТжКБ бірлескен жұмысы	диплом	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	ОМ, Еңбекмині, ЖАО

5	"Зәкірлік" ұйымдарды айқындағы отырып, ТЖКБ ұйымдарының бейіндеу	облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің қаулылары	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	ОМ, Еңбекмині, ЖАО
6	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында окуын жалғастыру үшін ТЖКБ оқыту нәтижелерін тану	ТЖКБ оқыту нәтижелерін тану	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	ФЖБМ, ОМ
7	Кәсіптік біліктілікті тану жүргізілетін кәсіптерді айқындау	кәсіптер тізілімі	2024 – 2029 жылдар	Еңбекмині, мұдделі мемлекеттік органдар, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)
8	Кәсіптік стандарттарды өзірлеу және өзектілендіру	бүйрықтар	2024 – 2029 жылдар	мұдделі мемлекеттік органдар
9	Кәсіптік стандарттар негізінде ТЖКБ және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын өзірлеу және өзектілендіру	білім беру бағдарламаларын жаңарту	2024 – 2029 жылдар	ОМ, ФЖБМ, Еңбекмині
10	Цифрлық "Кәсіптер бойынша жөнсілтер" арқылы тиімді кәсіптік бағдарлау үшін ақпаратқа қолжетімділікті көнектізу	кәсіптер бойынша нұсқаулық	2024 – 2029 жылдар	Еңбекмині, ФЖБМ, ОМ
11	ТЖКБ ұйымдарын ірі кәсіпорындарға және офтейк-келісімшарттар шеңберінде сенімгерлік басқаруға беру	облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің қаулылары	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	ЖАО, ОМ, Еңбекмині
12	Өніраralық және салааралық ағын, кәсіпкерлік қызметке тарту бойынша жұмыс күшінің деңгейлес	есеп	2024 – 2029 жылғы желтоқсан	

	ұтқырлықтың мониторингі			Еңбекмині, ОМ, ФЖБМ, ЖАО
13	Агломерациялардан тыс жерлерде (Астана, Алматы, Шымкент қалалары) экономикалық өсу полюстерін құру үшін жаппай жұмыс орындарын құруды, тұрғын үй және көлік инфрақұрылымын дамытуды көздейтін инвестициялық жобалар шеңберінде ішкі ұтқырлықты ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	талдамалық ақпарат	2024 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ӨКМ, КМ, ЭМ, ЭТРМ, АШМ, ЖАО
14	Кадрлардың еңбек тапшылғы бар өнірлерге релокациясын ынталандыру	талдамалық ақпарат	2024 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ӨКМ, КМ, ЭМ, ЭТРМ, АШМ
2. Сапалы жұмыс орындарына деген сұранысты ынталандыру				
Нысаналы индикаторлар:				
Сапалы жұмыс орындары санының үлгаюы, мың адам (2024 жылы – 2 452, 2025 жылы – 2 847, 2026 жылы – 3 085, 2027 жылы – 3 324, 2028 жылы – 3 562 2029 жылы – 3 801)				
15	Мыналарды: геологиялық ақпараттың цифрлық дереккорын; мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға арналған "Бірынғай терезе"; интерактивті геологиялық карталарды (зертханалар, керн қоймалары, байыту фабрикалары, металлургия зауыттары, логистикалық жолдар және т.б.);	өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы маусым	

	әлеуетті инвесторлар мен жұмыс істеп тұрған жер қойнауын пайдаланушыларды ң ақпараттық жүйеге ашық қолжетімділігін қамтамасыз етуді қамтитын жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға іске қосу:			ЦДИАОМ, ӨҚМ, ЭМ
16	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өндірісті жаңғырту кезінде қызметкерлерді босатуды жоспарлайтын ірі тау - кен металлургиясы ұйымдары мен жер қойнауын пайдаланушыларды ң өзара іс-қимылы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	заннамалық түзетулер жобасы	2027 жылғы маусым	Еңбекмі, ӨҚМ, ЭМ, ЭТРМ, ЖАО
17	Мемлекеттік-жекеш елік әріптестіктің реттелетін сатып алулары мен жобалары шенберінде өндірістерді окшаулау жолымен елішілік құндылықты дамыту үшін азаматтық оффсет тетігін енгізу	заннамалық түзетулер жобасы	2024 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, Қаржымині, ЭМ, АШМ, ЭТРМ
	Өнеркәсіптік коопeração.			

	Трансшекаралық күн құру тізбегіне кіруін қамтамасыз ететін шекара маңы өнірлерінде бірлескен өндірістерді кеңейту және (немесе) құру үшін шетелдік инвесторларға ынталандыру топтамасын ұсыну	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	2025 жылғы маусым	ӨҚМ, ҰӘМ, Еңбекмі, АШМ, ЭМ, Каржымині
18	Құрылыш салуышы тарапынан құрылыш салу объектісіндеңі тұрғын үй алаңының үлесін беру жөніндегі міндеттемелерді ескере отырып, тұрғын үй салуға жер участекелерін беру үшін ашық аукцион негізінде жер участекелерін беру тетігін құру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	2024 жылғы желтоқсан	АШМ, ӨҚМ, Каржымині ЖАО
19	Теміржол инфрақұрылымын дамыту. "Достық – Мойынты" участекесінің екінші жолдарын, "Дарбаза – Мактаарал", "Бақты – Аягөз" жаңа теміржол желісін және "Алматы" станциясын айналып өтетін айналма теміржол желісін салу. 2029 жылдың соңына дейін 11 мың км теміржол участекесін жондеу	орындалған жұмыс актісі	2029 жылғы желтоқсан	КМ
20	Қазақстан Республикасының ірі өнірлік			

21	әуежайларының базасында логистикалық орталықтарды дамытуға инвесторларды тарту үшін ынталандыру топтамасын құру	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	2026 жылғы желтоқсан	KM, СИМ
22	Кадрларды оқыту үшін ТжКБ базасында агрокүзырет орталықтарыны желісін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	агроқұзырет орталықтары	2024 – 2026 жылғы желтоқсан	ОМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)
23	Заманауи сауда форматтарын кеңейтуді құру және ынталандыру үшін ынталандыру топтамасын құру	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	маусым 2028 жыл	СИМ, Қаржымині, ӨКМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)
24	Бюджеттік бағдарламалар бойынша ресурстарды бөлу кезінде орта кәсіпкерлікке басымдық беру және шағын және орта бизнес субъектілеріне арналған мемлекеттік колдау шараларын көрсету кезінде сапалы жұмыс орындарын құру өлшемшартын енгізу	нормативтік құқықтық актілер топтамасын қабылдау	2024 жылғы желтоқсан	ҰӘМ, Қаржымині, ӨКМ, АШМ, ЭМ, ЭТРМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)
25	Шекаралық өткелдерде өткізу қабілетін арттыру. Кедендік ресімдеу мерзімдерін қысқарту үшін өткізу пункттерін тиімді цифрландыру	талдамалық ақпарат	маусым 2024 жыл	Қаржымині, KM, СИМ, ЦДИАӨМ
	Оңтүстікті индустрияландыру. Жұмыс істеп тұрган өндірістік инфрақұрылымды			

26	дамыту және жаңа өндірістік инфрақұрылым құру және жұмыс күші артық оңтүстік өнірлерде өңдеу өнеркәсібі өндірістерінің қарапайым ресурстық емес өндірістері үшін ынталандыру топтамасын ұсыну	талдамалық ақпарат	2027 жылғы желтоқсан	Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстарының, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, ҰӘМ, ӨҚМ, Қаржымині
27	Орталық және шығыс өнірлерді қаита индустрияландыру. Орташа немесе жоғары технологиялық күрделі өндірістерді кеңейту және (немесе) құру үшін ынталандыру топтамасын ұсыну	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	2027 жылғы желтоқсан	Шығыс Қазақстан, Караганды, Абай және Ұлытау облыстарының әкімдіктері, ҰӘМ, ӨҚМ, Қаржымині
28	Агробизнесі кластерлеу және мамандандыру. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, сактау және өткізу тізбектерінің бірынғай жүйесін бір кластерде (географиялық қағидат бойынша) құру. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын кластерлеу есебінен сапалы жұмыс орындар үлесін ұлғайту үшін ынталандыру топтамасын ұсыну	талдамалық ақпарат және ұсынымдар	2024 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰӘМ, Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісі бойынша)

3. Сұраныс пен ұсынысты ұштастыру үшін экономика мен адами капиталды дамыту жүйесінің тиімді байланысына жағдай жасау

Нысаналы индикаторлар:

1) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің цифрландырылған шаралары үлесін 86-дан 100 %-га дейін жеткізу.

2) жұмыспен қамту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді онлайн форматта алушылардың үлесін 44-тен 70 %-ға дейін ұлғайту – (2024 жылы – 50%, 2025 жылы – 54%, 2026 жылы – 58%, 2027 жылы – 62%, 2028 жылы – 65%, 2029 жылы – 70%).

3) мансап орталықтарының бизнес-процестерге оқытылған қызметкерлерінің үлесін 14,2-ден 80 %-ға дейін ұлғайту (штат санынан 2024 жылы – 25 %, 2025 жылы – 30 %, 2026 жылы – 35 %, 2027 жылы – 50 %, 2028 жылы – 65 %, 2029 жылы – 80 %)

	Үлттық жобалар және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарын құру көрсеткіштері көзделетін өнірлік жұмыспен қамту карталарын бекіту	өнірлік жұмыспен қамту карталары	2024 – 2029 жылдар	ЖАО, ҰӘМ, АШМ, ӨҚМ, КМ, СИМ, МАМ, ТСМ, ОМ, ФЖБМ, ДСМ, ЭТРМ, СРИМ, ӘМ, ЦДИАӨМ, Еңбекмині
29	Еңбекминің ақпараттық жүйелері арқылы жұмыс орындарын құру, сондай-ақ халықты жұмысқа орналастыру мониторингі	есеп	2024 – 2029 жылдар	Еңбекмині, ЖАО
30	Еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (м а н с а п орталықтарының) қызметкерлерін оқытуудың кешенді жүйесін енгізу: жеке оқыту жоспарларын қалыптастыру, үздіксіз кәсіптік оқыту, аттестаттау және біліктілік санаттарын беру, ішкі жаттықтырушылар пулын құру	Еңбекминің бүйрекшілері	2024 жыл	Еңбекмині, ЖАО
	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын Enbek.kz сайтындағы онлайн-форматқа көшіру: жұмыссыздарға қашықтықтан мансаптық консультация беру,			

32	жұмысқа орналасу процесстерін цифрлық форматта көшіру – бейне-түйіндеме және бейне-әңгімелесу, цифрлық еңбек практикасын үйымдастыру, бос жұмыс орындарын үйлестіру және жасанды интеллект базасындағы түйіндеме	жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтерді цифрлық форматта көрсету	2024 – 2029 жылдар	Еңбекмині, ЖАО
33	Платформалық жұмыскерлерді тіркеуді және әлеуметтік қорғауды автоматтандыру " үшін Платформалық жұмыспен қамту" электрондық сервисін енгізу, арнаулы салық режимін колдану	"Платформалық жұмыспен қамту" электрондық сервисі	2024 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ЦДИАӨМ, Қаржымині

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ	–	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
"Атамекен" ҰКП	–	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
Әділетмині	–	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҒЖБМ	–	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ДСМ	–	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Еңбекмині	–	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖАО	–	жергілікті атқарушы органдар
КМ	–	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
Қаржымині	–	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Корғанысмині	–	Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігі

МАМ	—	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
МКІА	—	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ОМ	—	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ӨКМ	—	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі
млн	—	миллион
СРИМ	—	Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі
СИМ	—	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
CIM	—	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ТжКББ	—	техникалық және кәсіптік білім беру
TCM	—	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
ЦДИФӨМ	—	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҰЭМ	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЭМ	—	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ЭТРМ	—	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ІІМ	—	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі